



СПОРТ САЛАСЫ
кешенді реформаны
қажет етеді

3

Almaty

AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №70-71 (6522) 30 тамыз, жұма, 2024 жыл. | www.aqshamnews.kz

12+

АЙБАРЫ АСҚАҚ – АТА ЗАҢ



Коллажды жасаған Нұрбоосын ӨРІСҰЛЫ.

30 ТАМЫЗ – КОНСТИТУЦИЯ КҮНІ

Алматыда мейрам күндері қандай іс-шаралар өтеді?

Қалалық мерекелік концерт бүгін, 30 тамызда Абай алаңында өтеді. Алматыда Конституция күнін мерекелеу аясында «дөңгелек үстелдер», көрмелер, челленджер, сынып сағаттары ұйымдастырылады.

Мерекелік іс-шаралар қаланың барлық ауданында өтеді:

- Алмалы ауданында ҚР Конституциясы күніне арналған мерекелік концерт 28 тамызда, Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театрының жанында өтті.
- Медеу ауданында Конституция күніне арналған мерекелік концерт кеше, 29 тамызда, Орталық мәдениет және демалыс саябағында өткен болатын.
- Алатау ауданында да Конституция күніне орайластырылған мерекелік концерт 29 тамыз түстен кейін Атлетикалық ауыл аумағында өткізілді.
- Әуезов ауданында Конституция күніне арналған мерекелік концерт Family саябағында 29 тамызда өтті.
- Түрксіб ауданында ҚР Конституциясы күніне арналған концерт те 29 тамыздың кешінде Сауранбаев көшесіндегі жаяу жүргіншілер аймағында өткен болатын.
- Жетісу ауданында танымал әншілер мен балалардың шығармашылық ұжымдарының қатысуымен мерекелік концерті бүгін, 30 тамыз, сағат 11.00-де «Гүлдер» саябағында



Дереккөз: optimism.kz

(«Құлагер» ш/а., Серіков көшесі, 2 А), сондай-ақ, «Ата Заңым – айбыным!» шығармашылық фестивалі әл-Фараби скверінде өтеді.

- Наурызбай ауданында Конституция күніне арналған «Ата Заңым – айбыным!» мерекелік концерті де бүгін, 30 тамыз, сағат 11.00-де Амфитеатрда («Шұғыла» шағынауданы, 347) өтпек.
- Бостандық ауданында Конституция күнін мерекелеу құрметіне 29 тамыз күні

Қазмемциркте ALMATY CIRCUS FESTIVAL» II Халықаралық цирк өнері фестивалінің жеңімпаздары мен жұлдегерлері ХӘОТ үшін қайырымдылық қойылымын ұйымдастырды. Ал ҚР Конституциясы күніне арналған концерт бүгін түстен кейін, сағат 15.00-де «MEGA Alma-ata» СОО-да өтетін болады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

30.08.2024

Түнде:



+16+18 °C
Көшпелі бұлтты,
жаңбыр, найзағай.

Күндіз:



+24+26 °C
Көшпелі бұлтты,
жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы:
3-8 м/с

31.08.2024

Түнде:



+16+20 °C
Көшпелі бұлтты,
өткінші жаңбыр.

Күндіз:



+27+30 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
3-8, найзағай кезінде екпіні 13м/с

www.almaty-akshamy.kz





САРАПТАМА

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМА:

Демократияландыру үдерісінде Қазақстан Түркі әлемінің көшбасшысы

2022 жылы елімізде күрделі қоғамдық-саяси оқиғалар орын алды. «Қасіретті қаңтар» оқиғасы қоғамда ондаған жыл қордаланған мәселелердің бетін ашты. Сол уақытта мемлекет ел тағдыры үшін маңызды шешімдер қабылдады. Оның бәрі саяси реформалардан көрініс тапты. Конституциялық реформа жасалып, демократияландыру үдерісіне жаңа серпін берілді. Көп сарапшылар мен белсенді азаматтардың көзқарасына қарамастан, бұл өзгерістер Қазақстанды Түркі әлеміндегі демократияландыруды жүзеге асырудан көшбасшылыққа шығарды.

Ел тағдыры үшін маңызды шешім

Қазақстан – демократияландыру үдерісін жүргізуден Түркі әлемінің көшбасшысы. Мұндай пікірмен көп сарапшылар мен белсенді азаматтар келіспеуі мүмкін. Алайда, соңғы жылдардағы өзгерістерге қарап, осындай қорытындыға келуге болады.

Әдетте, сарапшылар демократияландыру үдерісі туралы айтқанда Түркияны жиі сөзге тиек етеді. Себебі, Түркия Республикасының негізін қалаушы Мұстафа Кемал Ататүріктің жүзеге асырған қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, рухани саладағы реформалары елдің әлеуетін жақсартып, халықаралық аренада беделін үстем етті.

Ғылымда Ататүріктің салып кеткен жолын «кемализм», «этатизм» деп атайды. Оның мәні мынада:



(Дереккөз: Sputnik.kz/Владислав Воднев).

1. Саяси саладағы өзгерістер. Діни-монархиялық басқару формасынан бас тартып Республикалық басқаруға көшу. Осылайша парламенттік республика құру.

2. Қоғамдық-рухани өзгерістер. Реформаның аясында қоғам еуропалық киім үлгісіне көшіп, зайырлы мемлекеттің институттарының негізі қаланды. Ерлер мен әйелдердің құқығы заң жүзінде теңестіріліп гендерлік реформа жасалды.

3. Құқықтық өзгерістер. Шарияғат заңына негізделген діни «Маджалла» заңынан бас тартылды. Мемлекеттік-құқықтық база зайырлылыққа көшті.

Өзге де салаларда түбегейлі өзгеріс жасалды. Алайда, соңғы онжылдықтарда кері кету үдерісі байқалады. Президент институты күшейіп, парламенттің ықпалы азайды. Саяси риторикадан діни пікірлерді жиі естіміз. Сыртқы саясатта неоимпериализм белгілері байқалады. Ерте ме, кеш пе, осылай

болары заңды еді. Себебі, кемализм осындай қоғамдық үдерістерді қолдан тежеп тұрды. Алайда, бұл уақытша құбылыс екеніне сенеміз. Өйткені, қоғам толқынды циклдер бойынша дамиды.

Ал Қазақстан керісінше соңғы жылдары демократияландыру үдерісіне жаңа серпін берді. Бұған бірінші кезекте билік транзиті әсер етті. Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылы билікке келісімен қоғамдық-саяси реформаларды жүзеге асыруға кірісті. Реформаларды Орталық Азия елдерімен салыстырсақ, еліміздің бұл бағытта алға шыққанын көреміз. Өзбекстанда конституциялық реформаны жүзеге асырмас бұрын біздің тәжірибені зерттегені байқалады. Ал Қырғызстанда ұзақ жылдар бойы анархиялық басқарудың элементтері байқалды. Президент институты әлсіреп, саяси әралуандылықтың кері әсерін көріп келді. Бірақ соңғы жылдары президент институты нығайып, парламент және азамат

тық қоғаммен байланыста тепе-теңдік және тежемелілік байқалады.

Қазақстандық жолдың ерекшелігі неде?

Ата Заңның бірінші бабының бірінші тармақшасында: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады», – деп жазылған. Мұндағы негізгі сөз «орнықтырады». Яғни демократиялық мемлекетті орнықтыру үдеріс деген сөз. Тіпті, біз үлгі тұтатын АҚШ-тың өзі идеал демократиялық мемлекет емес. Демократия даму индекстерінде алдыңғы орындарды иеленбей келеді. Бірақ осы деңгейге жету үшін 200 жылдан астам уақыт кетті. Демек, біз де біртіндеп алға қойған мақсатқа жетеміз.

Елімізде ауқымды конституциялық реформа 2022 жылы жүзеге асты. 5 мамырда конституцияға өзгеріс жасауды көздейтін бүкілхалықтық референдум өтті. Мұны Мемлекет басшысы 29 сәуірде Қазақстан халқы Ассамблеясының сессиясында ұсынған болатын. Бұдан бөлек, сайлау, саяси партия жүйесінде өзгерістер жүзеге асты. Жалпы, реформа нәтижесінде конституцияға мынадай маңызды өзгеріс жасалды:

1. Суперпрезиденттік басқарудан ықпалды парламент, есеп беретін үкімет қағидасына сәйкес жұмыс істейтін президенттік басқаруға көшті. Президент 2022 жылғы 16 наурыздағы Жолдауда: «Саяси жаңғыру болмаса, елімізді орнықты дамыту, ауқымды әлеуметтік-экономикалық өзгеріс жасау мүмкін емес», – деп мәлімдеген болатын. Сондықтан күрделі саяси реформа жасалды. «Елбасы» мәртебесі алынды, президент институтының қызметін қайталайтын, тіпті кей жерде қайшы келетін баптар алынды. Президенттің шектен тыс өкілеттігі азайып, парламенттің ықпалы өсті.

2. Сайлау жүйесіне реформа жасалып жаңа Парламент қалыптасты. Бірмандатты сайлау жүйесі оралды. Бұдан бөлек, азаматтардың талап-тілектерін айтуын жеңілдету мақсатында бейбіт жиналыстарды өткізу тәртібі өзгерді.



Пердехан ШӘМШИЕВ, сарапшы.

ЭКОНОМИКА

НЕГІЗГІ БАҒДАР – ӘЛЕУМЕТТІК БАҒЫТ

Үкімет тарапынан қажетті бағытқа бюджеттің бөлінуі бір бөлек, қаражатты тиімді пайдаланып, ел игілігіне жарата білу тіптен маңызды

Сонымен, Үкімет 2029 жылға дейінгі әлеуметтік-экономикалық даму болжамын және 2025–2027 жылдарға арналған республикалық бюджет жобасын қабылдады. Халықаралық тәжірибе мен еліміздегі соңғы отыз жылда жүргізілген экономикалық саясаттың даму траекториясына көз жүгіртсек, мемлекеттік қаржының теңгерімсіз жұмсалғанын, сәйкесінше жүйелі түрде қалыптасқан бірнеше проблеманың қалыптасқанын көреміз. Үкімет басшысы Олжас Бектенов республикалық бюджеттің параметрлерін айқындау кезінде ең басты міндет мемлекеттік қаржының теңгерімділігін қалпына келтіру деп атап өтті.

Ұлттық экономиканың тұрақты дамуына тікеле ықпал ететін салық-бюджет, ақша-кредит және салалық саясатты жүргізудегі өзара ықпалдастық пен тұтастықтың болуы маңызды болып отыр. Ұлттық экономиканың жүйелі дамуын шектейтін мәселелердің бірі жаһандық саясаттың құбылмалы болуымен қатар, мемлекет қаржысының тиімсіз жұмсалуды екендігі айқын. Сарапшылар мен жауапты ведомства өкілдері арасындағы талқылаулардан кейін, үкімет 2029 жылға дейінгі әлеуметтік-экономикалық даму болжамын және 2025–2027 жылдарға арналған республикалық бюджет жобасын қабылдап, ұлттық экономика, қаржы министрліктеріне Үкімет Аппаратымен бірлесіп заң жобалары мен Әлеуметтік-экономикалық даму болжамын ҚР Парламентіне енгізуді қамтамасыз ету тапсырылды.

Аталмыш жобаның негізгі ерекшелігі республикалық бюджеттің мемлекеттің барлық әлеуметтік міндеттемелерін толық және уақытылы орындауға бағытталғандығында. Мақаламызда үкімет қабылдаған стратегиялық құжаттың негізгі ерекшелігі мен болашағы туралы талдап көрелік.

• **Қаржы министрі Мәди Такиев Үкімет отырысында «2025-2027 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заң жобасын әзірленіп ұсынылғаны жөнінде баяндама оқыды. Жауапты министрлік мәліметінше, 2025 жылға арналған түсімдер 21,7 трлн теңге көлемінде болып, келесі жылы Ұлттық қордан 2 трлн теңге сомасында кепілдендірілген трансферт тартылады. Себебі, 2025 жылы бюджет тапшылығы өседі жалпы ішкі өнімге шаққанда**



(Дереккөз: dalanews)

2,7% деңгейіне өседі. Алайда, аталмыш көрсеткішті 2027 жылға қарай жалпы ішкі өнімге 1,9%-ға дейін төмендетуге болатынын баяндады.

2025–2027 жылдарға арналған республикалық бюджет әлеуметтік бағытқа бағдарланған

Жаңадан қабылданған жоба аясында 2025–2027 жылдарға арналған республикалық бюджет әлеуметтік бағытқа бағдарланып, 2025 жылы 794 млрд теңгеге ұлғайып, әлеуметтік салаға 9,8 трлн теңге бөлінетін болады. Биыл бюджет шығысы, өткен жылдарға қарағанда артып отыр. Шығынның артуына бірнеше маңызды себептерді атап өтуге болады.

Біріншіден, инфляцияның орташа деңгейге артуына байланысты әлеуметтік төлемдерді көлемін арттырылды. Мысалы, базалық зейнетақы мен жәрдемақыны 6,5%-ға, ортақ зейнетақыны инфляцияның орташа деңгейінен 2%-ға асырып, 8,5%-ға индекстелінді. Нәтижесінде биыл зейнетақының орташа мөлшері 96 562 теңгеге тең.

Екіншіден, өткен жылмен салыстырғанда гранттар саны 2500 орынға ұлғайды. Нәтижесінде қосымша орындарды ескере отырып, 2025 жылы шамамен 78 мың білім беру гранты бөлінеді. Республикалық бюджеттің әлеуметтік салаға бағыт-

талғанының тағы бір көрінісі студенттеріне стипендия мөлшерін орта есеппен 15-20%-ға ұлғайтып, бакалавриат студенттері үшін 52 372 теңгені, магистратура үшін – 117 098 теңге.

Үшіншіден, халық санының өсуі мен науқастар санының ұлғаюы себепті тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі мен міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру шеңберінде халықты медициналық көмекпен қамтуды ұлғайту есебінен республикалық бюджеттің 2025–2027 жылдарға арналған ауқымы арты.

Республикалық бюджеттің басым бөлігі өңірлерді қолдауға бағытталады

Ұлттық экономиканың әлеуетті болуы үшін өңірлер арасындағы экономикалық дамуда алшақтық болмауы қажет. 2025 жылы өңірлерге республикалық бюджет қаражаты 348 млрд теңгеге ұлғая отырып 7,4 трлн теңге бөлінеді. Бұл сумма бюджеттің шамамен 30%-ын құрайды. Республикалық бюджет есебінен негізгі маңызды бағыт деп өңірлерде халықты сумен қамтамасыз етіп, қалаларда 99,6%-ға дейін, ауылдық елдімекендерде 98%-ға дейін қамтамасыз ету жоспарланған.

Халықты газдандыру деңгейі 2025 жылы 62 %-ға жеткізіп, «Ауыл – ел бесігі» жобасы шеңберінде көлік инфрақұрылымының 18 объектісін, 33 тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы мен 91 әлеуметтік объектілерді жаңғырту жоспарланған.

Сонымен, үкімет алдағы екі жылға арналған республикалық бюджет жоспарын бекітті. Негізгі бағыт әлеуметтік бағытқа жоспарланғаны мемлекеттің халық алдындағы әлеуметтік қызметін жете түсінгенін көрсетеді. Алайда, үкімет тарапынан қажетті бағытқа бюджеттің бөлінуі бір бөлек, қаражатты тиімді пайдаланып, ел игілігіне жарата білу тіптен маңызды. Бұл тұрғыда төртінші билік саналатын БАҚ құралдарының жауапты ведомствалар тарапынан ашықтық, тиімділік, жоспарға сәйкес орындалуы сында тұстарын ерекше бақылауда ұстау маңызды.

Нұрболат НЫШАНБАЕВ, сарапшы.





ПАРЛАМЕНТ ПАЛАТАЛАРЫНЫҢ БІРЛЕСКЕН ОТЫРЫСЫ

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ:

еліміздің саяси және әлеуметтік-экономикалық даму перспективаларына қатысты мәселелер

Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов Парламент Палаталарының бірлескен отырысын шақыру туралы Өкімге қол қойды.

«Қазақстан Республикасы Конституциясының 58-бабы 4-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының бірлескен отырысы 2024 жылғы 2 қыркүйекте сағат 11.00-де Астана қаласында шақырылсын», деп жазылған Өкім мәтінінде.

• 2 қыркүйек күні Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент палаталарының бірлескен отырысында Қазақстан халқына Жолдауын жариялайды.

Жиынға Сенат пен Мәжіліс депутаттары, орталық мемлекеттік органдардың басшылары, Ұлттық құрылтай, Адам құқықтары жөніндегі комиссия, Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия мүшелері, қоғам өкілдері және еңбек ұжымдары қатысады. Президент Жолдауында еліміздің саяси және әлеуметтік-экономикалық даму перспективаларына қатысты мәселелер қамтылады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



(Дереккөздер: mazhilis.parlam.kz; i me laqorda_resmi).

ПРЕЗИДЕНТ

СПОРТ САЛАСЫ

кешенді реформаны қажет етеді

Олимпиада ойындарынан халықтың жүзде күтуге қақысы бар. Бұл заңдылықты осы аптада Мемлекет басшысы Олимпиада жүлдегерлерін қабылдау кезінде де атап өтті. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев осы қабылдау кезінде спорт саласында қордаланған, байрақты бәсекелерде спортшылардың сағын сындырып, елдің үмітін семдіретін көптеген кедергілерге тоқталды. Мемлекет тарапынан жеткілікті деңгейде қолдау бола отырып, соңғы бірнеше Олимпиада ойындарында ел қоржынының олқы қайтуы аталған саланы кеулеген үлкен мәселенің барын ұғындырады. Қабылдау кезінде Президент осы мәселелерді тізбелеп тұрып көрсетті және салаға бөгет, саңлаққа түсау болған түйткілдерді шешуге нақты ұсыныстарын берді.

Жемқорлық жойылып, қателік түзетілу керек

Елімізде спорт саласына мемлекеттік қолдаудың қанағаттандырылғы деңгейде екенін, тіпті салаға артығымен қолдау көрсетіледі. Мемлекеттің ондағы мақсаты тек халықаралық бәсекелерде елдің атын шығарып, жалау желбірету емес. Тиісінше, жетістікке жеткен спортшыларды үлгі ететін, спортты сүйетін, салауатты өмір салтына құштар жас ұрпақты тәрбиелеу. Спортты кең көлемді насихаттай отырып, қоғам өкілдерін өскелең өмір дағдарысына жетелеу. Азаматтардың дене сапасын, денінің саулығын, соның негізінде қоғам саулығын арттыру.

Дегенмен, көптеген жылдан бері бұл сала «жемқорлардың жемсауындағы май шелпек» аталып келе жасырып емес. Халықаралық жарыстарда спортшылардың жетістігін мемлекеттік барлық саладағы жетістігі ретінде көрсетуге дағдыланған ескі жүйеде ел рухын қорғау көбірек пайдаланылды. Мемлекеттің баса мән беруімен салаға қыруар инвестиция ағылды. Міне, бұл ел астауынан жем жеп дәннен жемқорларға «май шелпек» болып елестеді, әрі солай жасалды да.

Бұл жолы Ақордадағы қабылдауда Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы спорт саласында жемқорлықпен табанды түрде күресу қажет екенін баса белгілеп өтті. Әрі спортта, әсіресе, олимпиада түрлерін дамытуда қателіктер егжей-тегжейлі талданып, түзетілуі, жалпы салаға кешенді реформа қажет екенін айтты. Президент сөзі мынадай: «Салалық



ведомство спорттың олимпиадалық түрлерін дамыту ісінде кеткен жүйелі қателіктерді егжей-тегжейлі талдауға тиіс. Кешенді реформа жасайтын уақыт келді. Ал оны жүзеге асыру үшін құзыретті министрлік, Ұлттық олимпиада комитеті және спорт федерациялары үйлесімді әрекет етуі керек».

Мемлекет басшысының «жүйелі қателіктерді талдау» деп отырғаны, бір қырынан осы бағытта салмақты қателіктердің бар екенін мойындауы. Әрине, мемлекет тарапының саладағы олқылықтарды ашық мойындауы ең басты қадам. Бұған дейін қателіктерді бүркемелеу, себепті мүлде басқа жақтардан іздеу түптеп келгенде салалық дағдарыстан басқа ештеңе бермейтініне көзіміз жеткен. Бұған қоса, Мемлекет басшысы арнайы министрлік пен Ұлттық олимпиада комитеті және Спорт федерациясы арасында әрекет етудің үйлесімділігі жоқ екенін де растағандай болды.

Салаға жауапты мемлекеттік мекемелердің әрекетіндегі үйлесімсіздіктің бар екенін бұған дейін де жұртшылық тарапынан айтылып келеді. Әсіресе, Олимпиадаға спортшыларды дайындау және қатысу іс-әрекеттері мемлекеттік тапсырыс негізінде жүзеге асырылады. Оны елде бір емес, бірнеше мекеме міндетіне алады.

Басылымымыздың өткен санында көрсеткеніміздей, осы бағыттағы мемлекеттік тапсырыстың көбін Мәдениет және спорт министрлігі, Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Спортты дамыту дирекциясы» игерсе, одан тыс Астана мен Алматы қалаларындағы Олимпиадаға дайындау орталықтары да миллиардтаған мемлекет қаржысын игереді. Ел спортшыларын Олимпиадаға дайындауға бөлінетін мемлекет қаржысының бірнеше бағытқа шашырауы ең әуелі қаржыны, сосын жауапкершілікті әр тарапқа бөліп жіберетіні ең үлкен қателік деп көрсетуге болады.

Ал Президент атағандай, министрлік пен Ұлттық олимпиада комитеті және Спорт федерациясы сынды мекемелер арасындағы жұмыстың үйлесімділігі төмен. Қай тараптың қандай нақты міндеті, қандай жауапкершілігі бары да көпшілік қоғам мүшелеріне

түсініксіз. Айталық, осы жолғы олимпиада ойындарындағы төмен нәтиже үшін мемлекет пен халық осы үш ұйымның қайсысынан жауап сұрауы керек? Тікелей министрліктен бе, әлде салаға арнайы қызмет істейтін комитет пен федерациядан ба?

«Әділ бәсекелестік салтанат құруы қажет»

Президент арнайы тоқталған бұл сөздің маңызы көпке мәлім. Халықаралық байрақты бәсекелерге «жүзден жүйрік, мыңнан тұлпарлар» іріктелмей, тамыр-таныстықпен деңгейі әлсіз спортшылардың «саралануы» сала дамуындағы үлкен кедергі екені айтпаса да түсінікті. Дамыған елдерде, әсіресе, құқық пен моральдік биік сапа салтанат құрған қоғамдарда «спорт» сөзі «әділдік», «серіктестік» мағынасында қолданылады. Ал мемлекет қамқорлығы мен халықтың қолпашына деген көзсіз ұмтылыс бай-бағылан балаларын, тамыр-танис жакындарын «саңлақтап» көрсетуге ұрындырды. Нәтижесінде халықаралық аренада ел намысын жыртып, байрағын биік көтерем деп талай жыл тер төккен нағыз саңлақтар сыиырылып шетте қалып қойды. Протекционизм деп аталатын бұл дерттің мемлекет абыройы мен ұлт намысына қолөңке келтіріп жатқанын да анық білеміз.

Мемлекет басшысы өз сөзінде бұл мәселені де назардан тыс қалдырмады. «Спортта әділ бәсекелестік рухы салтанат құруы қажет. Жемқорлықпен табанды түрде күресіп, жоғары нәтижеге қол жеткізуге кедергі келтіретін протекционизм секілді факторлардан іргені аулақ салған жөн», — деді Президент.

Жер болған жігер, желге ұшқан қаржы

Егер елдегі спорт саласына терең көз жүгіртетін болсақ, мемлекет қазынасын аңдып, «май шелпекке батып отырған» тек Олимпиада айналасында ғана емес, жалпы, спортты, оның ішінде, жалпы халықтық

спортты дамытуға атап берілген мемлекеттік қаражаттар көздеулі мақсатқа жетпей, бей-берекет игерілуде.

Мәлім болғанындай, елімізде 500-ден аса спорттық мектептер бар. Бұл мектептерде 162 спорт түрі оқытылады, кейбірі тіпті қыруар қаржыны өзіне тартып, «дамып келеді», «гүлденіп келеді» деген жел сөздерді желек етіп тағып жатады. Алайда, мемлекет қазынасынан қаржыландырып отырған бұл спорт түрлерінің тек 52-сі ғана Олимпиадаға кіреді. Демек, бұл еліміздің Олимпиада ойындарында жоғары нәтижеге қол жеткізуге тиімсіз саясат қолданып келе жатқанымызды білдіреді.

Әлбетте, біз тек Олимпиада спорт түрлері ғана шынайы спорт, қалғанын дамытпау керек деуден аулақпыз. Алайда, жүйеленбеген және түрлі бағыттарға қарай шашыраған салалар олимпиада резервін дайындауға бөлінетін қаржы мен уақытты көбірек сарп етеді. Бұған тоқталғанда Мемлекет басшысы «мұндай жағдай спорттағы жоғары жетістіктердің нәтижесін нашарлатып, қаржының дұрыс бөлінбеуінен бюджет ақшасы желге ұшып» жатқанын баса айтты.

«Сүйреп салған тазы түлкі алмайды»

Халқымыздың бұл мәтелі спорттағы легионерлер мәселесіне тиянақты жауап болса керек. Көкала ақшанды қалтасына салып, көк паспорттыңды қолына берген, қошеметті қойны-қонышына толтырған шетелдік легионерлердің халықаралық бәсекелерде намысымызды жыртып, үмітімізді ақтағаны өте сирек. Бұған дейін де шетелдік легионерлердің ел қаржысын шашып, ел жігерін жасытып жатқанын ел азаматтары ашына айтып келген. Осы мәселенің мемлекет құлағына жетіп, ел басшысының аузынан тыйым салынып жатқаны жұртқа жаққан жаңалық дер едік.

Президент шетелден шақыртылған легионер ел ішіндегі жас әрі болашағынан көп үміт күттіретін өз азаматтарымыздың жолын кесіп, бағын байлап жүргенін ашық айтты. Әрі шетелдік спортшыларға азаматтық беріп, ел атынан додаға салуды тоқтату керек екенін айтты. Президент аузынан шыққан осы сөз көпшіліктің көңіліне майда жаққан лепесті лебіздің бірі дер едік. Шетелдік спортшы шақырудың орнына кенжелеп қалған спорт салаларына шетелдік тәлімгер, бапкерлерді шақыруды ұсынды. Әрине, тәжірибесі озық, білгені көп маманды елдегі саланы дамытуға ұсыныс етуді ел азаматтары қолдамай тұрмайды.

Спортқа салынған инвестиция тек Олимпиада төрінен, боз кілем мен шаршы алаңнан, жасыл алаңнан қайтады деу — қателік. Спорттың ең басты мақсаты — бәсекеде жеңуден гөрі денсаулықты, адам мүмкіндігін жоғарылату. Халықтық спортты дамыту мемлекеттік осы саладағы басты міндетінің бірі болып қала беретінін айтқан Президент, жасөспірімдер, болашақ чемпиондар алаңсыз спортпен айналысуға жағдай жасау басты міндет екенін де білдірді. Президент сөзі жай ғана сын мен ұсыныс қана емес, салаға кешенді реформаның қозғаушысы болмақ. Алдағы уақытта елдің спорт саласы қайта түлеуіне, оның шынайы және оң бағытта өзгеруіне, қайта түлеуіне әр қоғам өкілі қадағалаушылық етуі тиіс.

Естай БОЖАН, сарапшы.



ЖОҒАРЫ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Алмалы ауданының тұрғындарымен кездесті



Қарқынды дамып отырған Алмалы ауданы бірқатар экономикалық көрсеткіш бойынша қалада жетекші орын алады. Мұны Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев аудан тұрғындарымен кездесуде мәлімдеді. Осы ретте қала басшысы тұрғындарды келе жатқан Конституция күнімен құттықтап, елдің негізгі заңы әрбір қазақстандық үшін маңызды екенін атап, зор денсаулық пен амандық тіледі.

**Ернұр
РЫСБАЙ**

Инвестиция көлемі өсіп келеді

Шаһар басшысы атап өткендей, жыл басынан бері жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 5,3% өсіп, 59 669-ға жетті, бұл жаңадан 4 мыңнан астам тұрғынды тұрақты жұмыс орынымен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Өнеркәсіп өндірісінің көлемі 123,6 млрд теңге болып, салық түсімі жыл басынан бері 16% өсіп, 225 млрд теңгеге жетті. Инвестиция көлемі 5%-ға өсіп, 139,4 млрд теңге болды. Аудан бюджеті 2024 жылы 12,3 млрд теңгеге артты. 2024 жылы маусымда бюджет тағы 16% ұлғайтылып, 24,7 млрд теңгеге жетті.

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев тұрғындармен кездесуде аудан экономикасындағы оң динамика туралы айтты. Биыл шағын және орта бизнес саны көбейіп, 4 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылды. Өнеркәсіптік өндіріс айтарлықтай көрсеткіштерге жетіп, инвестиция да өсіп келеді.

Салық түсімі 16%-ға өсті, өнеркәсіптік өндіріс көлемі 123,6 млрд теңгені құрады. Инвестиция 5%-ға артып, 139,4 млрд теңгеге жеткен. 2024 жылы аудан бюджеті 12,3 млрд теңгеге ұлғайды, маусым айында қосымша 16% өсті. Мұның бәрі инфрақұрылымды дамытуға және тұрғындардың өмірін жақсартуға мүмкіндік береді.

10 көшеде инженерлік желілерді қайта жаңарту аяқталды

Жыл басынан бері ауданның 10 көшесінде 3,5 км сумен жабдықтау және су бұру желілері жаңартылды. Биыл қарашаға дейін ұзындығы 5,3 км болатын тағы 11 көшеде жұмысты аяқтау жоспарланған. Жоба ауданның 770 үйі мен 4,5 мың тұрғынын қамтиды.

Қала басшысының тапсырмасымен биыл тамыз айында Төле би көшесі, 280 мекенжайы бойынша сорғы бекетін қайта жаңарту басталды. Бұл жұмыс осы жылдың қазан айында бітеді деп жоспарланып отыр, соның

нәтижесінде 1,5 мың абонент сапалы сумен қамтамасыз етіледі.

Ауданның 2,6 мың тұрғынын жылумен сапалы қамтамасыз ету үшін Түркебаев көшесінде 30 жылдан астам пайдаланылған магистральдық желілерді қайта жаңарту жұмыстары қолға алынды. Жұмыс жылыту маусымы басталғанға дейін аяқталады.

Биыл Алматыда жалпы ұзындығы 20 км болатын 23 нысанды қайта жаңарту көзделген, бұл жыл сайынғы көрсеткіштен екі есе көп. Бұл жылу шығынын, сондай-ақ желілердің

тозуын шамамен 1,8% төмендетуге мүмкіндік береді. Осы жылы Алматыда жылумен жабдықтау желілері 57,9% тозғаны белгілі болды.

Электр желілерінің тозуы төмендеді

Қала басшысы бүгінде ауданның электр желілерінің 60%-дан астамы тозғанын атап өтті. Бұл тұрақты түрде апаттық өшуге әкеледі. Айта кету керек, былтыр ауданның электр желілерінің тозуы 20%-ға төмендеді. 2023 жылы тозу деңгейі 80% болған. Биыл «АЖК» АҚ Райымбек – Наурызбай батыр – Мәметова – Сейфуллин көшелерінің аумағында 1,3 км электр беру желілерін қайта жаңартылды. Сондай-ақ, Жамбыл – Әуезов – Абай – Розыбакиев көшелерінің аумағында тағы 6,4 км электрмен жабдықтау желілерін қайта жаңартылып, салынып жатыр. Жұмысты осы жылдың қазан айының соңына дейін аяқтау жоспарланып отыр.

Биыл сапалы көше жарығымен қамтамасыз ету үшін 38 көшеде 21 км ескі кабель желілері жаңғыртылып, 2,5 мыңнан астам шам ауыстырылды.

2024 жылдың соңына дейін тағы 2,4 мың шамды жаңғыртып, 19 км кабель желісін ауыстыру жоспарланған. 2024 жылы ауданның сыртқы жарықтандыруын жаңғыртуға және оны күтіп-ұстауға 1,3 млрд теңге бөлінді.

Алматыда барлығы 4,8 мың км сыртқы жарықтандыру желілері бар. 2024 жылы сапалы жарықтандыруды қамтамасыз етуге аудан әкімдігі 9,9 млрд теңге бөлген. Қабылданатын жатқан шаралардың арқасында мегаполисте сапалы сыртқы жарықтандырумен қамтамасыз ету 2024 жылы 85%-ға және 2025 жылы 100%-ға жетеді.

Автобустар саны 23%-ға көбейді

Мегаполис басшысы бүгінгі таңда ауданда ағымдағы жөндеу аясында 25 мың шаршы метр жол төсемі жөнделгенін, ал биылғы жоспар – 47 мың шаршы метр екенін хабарлады.

«Қазірдің өзінде 2,3 км тротуар жабдыкталып, 2 км арық желісі салынды, қазан айының соңына дейін тағы 6,9 км арық қамтылады. Сондай-ақ, өткен айда 14 көшеде 12,5 км жолға орташа жөндеу жұмыстары аяқталды. Қыркүйек айының соңына дейін Исаяв көшесінде ұзындығы 1,2 км жолға орташа жөндеу жұмыстары аяқталады», – деді Ерболат Досаев.

Қоғамдық көлікте қызмет көрсету сапасын арттыруға тоқталған Алматы қаласының әкімі биыл жылжымалы құрам 101 автобуска, 327-ден 428 бірлікке көбейіп, 24 маршрутқа жаңартылғанын айтты. Жалпы, Алматыда биыл ұзындығы 250 км болатын 274 көше орташа жөндеуден өтті. Осылайша жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жолдың үлесін 92%-ға дейін жеткізу жоспарланып отыр. Бұған қоса, жергілікті бюджет есебінен газбен жүретін 600 автобус, 100 электрлі автобус және 112 троллейбус сатып алынады. Жеке автопарктер осы жылдың бірінші жартыжылдығында газбен жүретін 150 автобус пен 15 электробус сатып алды. Қазіргі уақытта қаланың троллейбус паркі толығымен жаңартылды.

Оқушылар үйінің құрылысы басталды

Бұл туралы да қала басшысы айта кетті. «Оқушы орындарының тапшылығын азайту мақсатында мектеп салу бойынша жоспарлы жұмыс жүзеге асырылып жатыр. «Жайлы мектеп» Ұлттық жобасы аясында Райымбек даңғылы мен Әуезов көшесінің қиылысында 1,5 мың орынды мектеп құрылысы жалғасып отыр. Бұл жұмыс биыл желтоқсанда бітуі керек», – деді Ерболат Досаев.

Қала басшысының айтуынша, қыркүйек айында №136 мектеп-гимназия ғимараты күрделі жөндеуден өтіп, сейсмикалық күшейту жұмыстары аяқталады. Сонымен қатар, №58 мектепке 600 орынды қосымша құрылыс салынып жатыр, нысанды 2025 жылдың желтоқсанында аяқтау жоспарлануда. Сондай-ақ, қазан айында №16 мектепке 300 орынды қосымша құрылыс салуға мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы шықпақ. Құрылыс жұмыстары келесі жылы 1 тоқсанда басталады.

«Мектепке дейінгі білім беру саласында биыл Мәуленов көшесіндегі ғимаратты сейсмикалық күшейте отырып күрделі жөндеу жоспарлануда, онда 145 орынды балабақша ашылады. Ол 2025 жылдың 3 тоқсанында аяқталады. Бүгінгі таңда «Тастақ» шағынауданында қолданыстағы ғимараттарды бұзып, балабақша салуға ЖСҚ әзірленуде. Сондай-ақ, осы жылдың желтоқсан айына дейін 13 балабақшаның материалдық-техникалық базасын жаңартылып, ағымдағы жөндеу жұмыстары аяқталады», – деді Ерболат Досаев.

Әлеуметтік бағыттағы нысандарға «қадамдық қолжетімділікті» құру бойынша атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталған Алматы әкімі Жамбыл мен Байзақов көшелерінің қиылысында жаңа заманауи Оқушылар үйінің құрылысы басталғанын атады. 1951 жылы салынған ескі ғимаратқа сейсмикалық күшейту жұмыстары жүргізілмеді, осыған байланысты оны бұзу және жаңасын салу туралы шешім қабылданды. Нысанды 2025 жылдың бірінші тоқсанында пайдалануға беру жоспарланып отыр.

Әлеуметтік нысандар жаңартылады

Алматы әкімі Ерболат Досаев Алмалы ауданының тұрғындарымен есептік кездесу барысында ауданда тұрғындарды сапалы медициналық қызметтермен қамтамасыз ету мәселелері белсенді түрде шешіліп жатқанын атап өтті. Алматыда ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған жаңа спорт орталығы салынады. Жаңа нысан Райымбек батыр даңғылы, 312 мекенжайында орналасады. Жобада ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін сауықтыру-жаттығу сабақтарына арналған көпфункционалды спорт орталығын салу көзделген. Сондай-ақ, онда 2 бассейн бар. Жобалық қуаты бір ауысымда 144 адамды құрайды.

Құрылыс жұмыстары 2025 жылдың

1 тоқсанында басталып, 2025 жылдың соңында аяқталады. Сонымен қатар, әкім атап өткендей, биыл екі әлеуметтік нысанға күрделі жөндеу жұмыстары басталды, онда 2010 жылдан бері жөндеу жұмыстары жүргізілмеген. Осы жылдың шілде айында қалалық Адам репродукциясы орталығына жөндеу жұмыстары басталды. №1 блоктағы жөндеу жұмыстары осы жылдың желтоқсанында, ал №2 блокта 2025 жылдың наурызында аяқталады. Сондай-ақ, осы жылдың желтоқсан айында №3 емхана ғимаратына күрделі жөндеу жұмыстары аяқталады.

Абаттандыру жұмыстары жалғасады

Қала басшысы атап өткендей, негізгі жұмыстар, соның ішінде солтүстік және оңтүстік жағалауларды бөгеу, асфальт төсеу және понтон көпірлерін жинау осы жылдың желтоқсан айында аяқталады. Жасыл желектерді отырғызу 2025 жылдың көктеміне жоспарланған. Жаңартылған жағалау Алмалы және Әуезов аудандарының тұрғындары үшін тартымдылық орталығына айналады және бір уақытта 3 мыңнан астам келушіні қабылдай алады деп күтілуде.

Естеріңізге сала кетейік, 2022 жылы соңғы 50 жылда алғаш рет Сайран су қоймасының түбін қоқыс пен лай шөгінділерінен механикалық тазартылды, содан кейін абаттандыру жұмыстары басталды. Абаттандырылған аумақтың жалпы ауданы 46,79 га құрайды.

Сонымен қатар, Әлия мен Мәншүк атындағы скверді абаттандыру жұмыстары жалғасуда. Жоба жаяу жүргіншілер жолын, демалыс аймағын, жарықтандыруды, шағын сәулет нысандарын орнатуды көздейді. «Аққу», «Одуванчик» және «Қызғалдақ» сияқты үш субұрқақтар қайта жаңартылады. Жұмыстар Республика күніне орай аяқталады.

Балалар спортын дамыту – басты назарда

Алматыда ерекше қажеттілігі бар балаларға арналған жаңа спорт орталығын салу жоспарланып отыр. Ол Райымбек батыр даңғылы, 312 мекенжайында орналасады. Орталықта екі бассейн, сонымен қатар сауықтыру және жаттығу бөлмелері болады. Нысан бір ауысымда 144 адамды қабылдай алады. Құрылыс 2025 жылдың бірінші тоқсанында басталып, жыл соңына дейін аяқталады.

Сонымен қатар, Алмалы ауданында 2010 жылдан бері жаңартылмаған екі әлеуметтік нысанға күрделі жөндеу жұмыстары басталды. Қалалық адам ұрпағын өрбіту орталығында 1-ші блоктағы жөндеу жұмыстары желтоқсанда, ал 2-ші блокта жұмыстар 2025 жылдың наурызында аяқталады. Сондай-ақ, осы жылдың желтоқсан айында №3 емханаға жөндеу жұмыстары аяқталады. Бұл жобалар аудандағы медициналық және сауықтыру қызметінің сапасын арттыруға бағытталған.





МӘСЛИХАТ СЕССИЯСЫ

БЮДЖЕТ НАҚТЫЛАНДЫ

Алматы қалалық Мәслихатының кезекті XXII сессиясы өтті. Сессия барысында Алматы қаласының 2024–2026 жылдарға арналған бюджетіне өзгерістер енгізу мәселесі талқыланды.

Досбол
АТАЖАН

Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Асқар Әмрин мегаполис бюджетіне жоспарланған өзгерістер сомасы 83 млрд теңге екенін атап өтті.

– Аталған бюджетті нақтылауда бюджеттік бағдарламалар әкімшілері арасында ішкі қайта бөлу және өткен жылдан бастап 28,1 млрд теңге сомасында бос қалдықтарды пайдалану есебінен пайда болған 54,9 млрд теңге сомасындағы қаражат пайдаланылатын болады, – деді Асқар Әмрин.

Алматы қаласы Қаржы басқармасының басшысы Қанат Сухамбековтың айтуынша, аталған қаражат қала тұрғындары үшін басым және әлеуметтік маңызды жобаларды іске асыруға бағытталатын болады. Олардың бірі – білім беру саласы. Бюджетті нақтылау шеңберінде білім беру саласындағы қаржыландыру 482,3 млрд теңгеге немесе қала бюджетінің 26%-ына дейін ұлғайтылды.

Мемлекет басшысының «Жайлы мектеп» жобасын іске асыру жөніндегі тапсырмасын орындау мақсатында «Ақбұлақ» шағынауданында, «Теректі» шағынауданында, Розыба-

киев – Левитан көшесінде, «Саялы» шағынауданында 5600 орынды 4 мектептің құрылысы аяқталып жатыр. Сондай-ақ, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында орын тапшылығын төмендету мақсатында Орбита-3 шағынауданында балабақшаны қайта жаңартуды жалғастыруға 1,6 млрд теңге бөлінеді және №10 шағынауданында балабақша құрылысы басталды. Бұл 600-ден астам баланы мектепке дейінгі біліммен қамтуға мүмкіндік береді.

Бұдан басқа, осы жылы Түркісіб және Әуезов аудандарындағы №83 және №155

мектептерді қайта жаңарту, сондай-ақ қаланың Бостандық ауданындағы №138 мектепті сейсмикалық күшейту аяқталады.

– Шахматты дамытудың 2023–2027 жылдарға арналған Кешенді жоспарын іске асыру мақсатында жаңа оқу жылынан бастап қаланың 41 мектебін бастауыш сыныптарда шахматтан жаңа оқу пәнін енгізу жоспарланып отыр. Осы мақсаттарға 49,2 млн теңге бөлінеді, – деді Қанат Сухамбеков.

Сонымен қатар, Қаржы басқармасының басшысы қосымша қаржыландырудың арқасында 2,3 млрд теңге көлемінде «Шапағат»

және «Алғабас» шағынаудандарында сумен жабдықтау және су бұру желілерінің, сондай-ақ Медеу ауданындағы кәріз желілерінің құрылысы аяқталатынын хабарлады. Бұл санитарлық стандарттарға сәйкес аталған аудандардың 20 мыңнан астам тұрғыны үшін сапалы су мен кәрізге қолжетімділікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Басқарма басшысының айтуынша, мегаполистің көлік қатынасын жақсарту мақсатында Сейфуллин – Жансүгіров даңғылындағы көлік айрығының құрылысы жалғасады және Сайран көлінің жағалауын абаттандыруға 4 млрд теңге бөлінеді.

Алматы мәслихатының депутаттары 2024 жылға арналған жергілікті бюджетті нақтылау жобасын қолдады.

Сонымен қатар, сессия барысында депутаттар қалада бейбіт жиналыстар өткізетін мамандандырылған орындарды өзгерту, ведомстволық бағынысты ұйымдардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеуді арттыру мәселелерін талқылады.

Депутаттар шешімі бойынша бейбіт жиындар мен шерулерге арналған мамандандырылған орын Ш.Уәлиханов атындағы скверден (толымдығы 1000 адам) Абылай хан даңғылындағы А.Иманов атындағы скверге (толымдығы 500 адам) ауыстырылды. Ал «Сарыарқа» кинотеатрының артындағы сквердің толымдылығы 500-ден 1000 адамға дейін өзгертілді.

Сондай-ақ, депутаттар жергілікті бюджетке жағымды әсер ететін LED-экрандар түріндегі объектілерге Жарнама орналастыру үшін ай сайынғы төлемақы мөлшерлемелерін ұлғайту ұсынысын қолдады.

ЖОБА

Әуезов ауданында 23 аула жөнделеді

Әуезов ауданында 14 жылдан бері жөндеу көрмеген 23 ауланы күрделі жөндеу жобасы жүзеге асырылуда.

Жаңартылған алаңдарда балаларға, ойынға, футболға және workout аймақтарына арналған орындар қарастырылған. Күрделі жөндеу аясында асфальт төсемі, тротуарлар мен жиектастарды жаңартылады.

Бүгінгі таңда құрылыс-монтаждау жұмыстары 18 аулада аяқталды. Онда ескірген жабдықтар алынып, аумақ асфальтталып, жиектастар жаңартылып, шағын сәулет пішіндері мен спорт алаңдарына орындар дайындалды, орындықтар, қоқыс жәшіктері және футбол алаңдарының қоршаулары орнатылады деп күтілуде. Жобаны осы жылдың 10 желтоқсанына дейін аяқтау жоспарланған.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ЗАҢСЫЗ ҚҰРЫЛЫС

Көлік жуатын тағы бір нысан бұзылды

Алматы қаласының қала құрылысын бақылау басқармасы сот шешімі бойынша көлік жуу объектісін бұзудың басталғаны туралы хабарлайды.

Бұрын бұл нысанды «Қалқаман» ш/а-да, Төле би көшесі (Машана), 308/54 үй, рұқсат құжаттары болмаса да меншік иесі (жеке тұлға) тұрғызған.

Басқарма Әуезов аудандық сотына нысанды бұзу жөнінде талап арыз берді. 2024 жылғы 11 қаңтарда Әуезов аудандық сотының ұйғарымымен талап қанағаттандырылды.

2024 жылғы 24 сәуір Алматы қалалық сотының қаулысымен бірінші сатыдағы шешім өзгеріссіз қалды.

Нысанды бұзу Әділет департаменті сот орындаушыларының көмегімен басталды. Естеріңізге сала кетейік, Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың заңсыз құры-



лысқа бақылауды күшейту жөніндегі тапсырмасы аясында өткен жылдың басынан бері 46 заңсыз нысан, оның ішінде «Мечта», «KHAN», «Алма Гарден» тұрғын үй кешендері және басқалары толығымен немесе ішінара бұзылған болатын.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

АБАТТАНДЫРУ

ЖАҢА СЕРУЕН АЙМАҒЫ
САЛЫНАДЫ

Алматының Жетісу ауданының тұрғындарының өтінішімен «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында Жұмысшы кентінде жаңартылған серуендеу абадтандыру жұмыстары Крылов көшесі бойымен Күдерин көшесінен Сахалинская көшесіне дейінгі аумақта жүргізіледі.

Жаңартылған скверде жасыл желекті суарудың автоматтандырылған жүйесі, жаңа балалар ойын мен спорт алаңдары орнатылады. Сондай-ақ, жаяу жүргіншілер аймағында шағын футбол алаңы толығымен жөндеуден өткізіліп, орындықтар мен қоқыс жәшіктері қойылады. Қосымша сәндік қоршаулар мен габион құрылымдары орнатылады.

Аудан тұрғындарының қауіпсіздігі үшін орталық зират пен

қосымша жолдың айналасындағы қоршаулар толығымен қалпына келтірілді. Бұрын зираттағы қоршаулар апатты жағдайда еді, түнгі уақытта вандализм және шойын қоршауды ұрлау фактісі тіркелген. Енді мұнда ұзындығы 2 км болатын қоршаулар орнатылып, биіктігі 3 метрлік дуал салынды. Зират айналасындағы 4 мыңнан астам апатты және қураған ағаштар санитарлық мақсатта кесілді.

Жаңа оқу жылының басына қа-

рай серуендеу аймағы жақын маңдағы тұрғын үй массивтері тұрғындарының демалуына қолайлы жағдай жасайды: балалар мен спорт алаңдары бар жаңа қоғамдық кеңістік құрылады, сквер бойында автотұрақ орындары, жаяу жүргіншілер жолдары салынады.

Жалпы, «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында биыл Жетісу ауданында 34 жоба жүзеге асырылып жатыр, оның 24-і аулалық аумақты ағымдағы жөндеу, 2 жаяу жүргіншілер аймағы, 1 саябақ, 4 қоршау, 3 сквер және 3 автоматты суару жүйесі. Осы жобаларды жүзеге асыру үшін Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасымен биыл ауданға осы бағдарлама бойынша қаржыландыру 2 миллиард теңгеге дейін ұлғайтылды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



дейін/до

кейін / после

Жетісу ауданы, Крылов көшесінің бойы Күдерин көшесінен Сахалинская көшесіне дейінгі серуендеу аймағы.

ҮКІМЕТТЕ НЕ ЖАҢАЛЫҚ?

ҚР Премьер-Министрі
Олжас БЕКТЕНОВ:

(Фотодереккөз: inbusiness.kz)

Үкімет отырысында ғалымдардың қатысуымен еліміздегі атом энергетикасын дамыту перспективалары қаралды.

Мәселені талқылау қорытындысы бойынша Энергетика министрі Алмасадам Сәтқалиев «Республикалық референдум өткізу туралы» ҚР Президенті Жарлығының жобасы туралы» Үкімет қаулысының жобасын қарауға енгізуге ұсыныс жасады.

«Референдум өткізу атом энергетикасын дамыту және еліміздің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде салмақты шешім қабылдауға көмектеседі. Бүгін біз тарихи оқиға қарсаңында тұрмыз. Біз, қазақстандықтар, елімізде тұрақты, экологиялық таза және үнемді электр қуатының болуы үшін маңызды шешім қабылдауымыз керек. Бұл біздің болашағымызды айқындайтын шешім», – деді Алмасадам Сәтқалиев.

Үкімет басшысы Қазақстанда атом энергетикасын дамыту мәселесі көптен бері көтеріліп келе жатқанын және бұл саланың келешегі зор екенін атап өтті. Бүгінде елімізде ядролық отын өндірісі толықтай дерлік игерілген, шағын реакторларды пайдалану тәжірибесі жинақталды. Бұл бағытта мамандар мен ғалымдар да бар. Кадр даярлауға да көңіл бөлініп келеді. Сондықтан атом энергетикасын дамытудың келесі кезеңіне көшу дұрыс қадам болып отыр. Бұл, әсіресе, еліміздің энергетикалық инфрақұрылымына жүктеме артуының маңызы айрықша.

Спикер бүгінде Қазақстан энергетикалық қуат тапшылығын тартып отырғанын атап өтті. Егер мәселені осы бастан шешпесе, онда экономиканың әрі қарай өсуіне қажетті электр энергиясын үлкен көлемде сатып алуға тура келеді.

АТОМ ЭНЕРГЕТИКАСЫН ДАМУ – БОЛАШАҒЫ ЗОР БАҒЫТ

Үкімет АЭС салу бойынша референдум өткізуге қатысты қаулы қабылдады



(Фотодереккөз: aqshamnews.kz)

• Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттіктің мәліметінше, бүгінде әлемнің 31 елінде 415 ядролық энергоблок жұмыс істейді. Қазіргі уақытта 15 мемлекетте, соның ішінде Қытай, Жапония, Оңтүстік Корея, Ұлыбритания мен Түркияда жаңадан 61 атом станциясының құрылысы жүруде.

Бұл ретте жаңартылатын қуат көздері тұрақты энергиямен қамтамасыз ете алмайды. Қазақстанда су электр стансаларының әлеуеті шектеулі, өйткені энергия өндіру үшін талапқа сай келетін өзендер жоқтың қасы. Бүгінде елімізде ЖЭО-ның кейбірін газға ауыстырып, жаңа бу-газ қондырғыларын салып жатырмыз. Алайда, экономиканың дамуы мен халық санының өсуін ескерсек, келешекте ол да электр энергиясының тапшылығын жабуға жеткіліксіз болады. «Атом энергетикасын дамыту – біз үшін болашағы өте зор бағыт», – деп атап өтті Үкімет басшысы.

Заманауи Атом электр стансалары көп деңгейлі қауіпсіздік жүйесімен жабдықтал-

ған. Қазақстанда Атом электр станциясын салу туралы шешім қабылданған жағдайда оны жобалау, салу және пайдалану кезінде МАГАТЭ-нің халықаралық қауіпсіздік стандарттары қатаң басшылыққа алынатын болады. Сонымен қатар, шикізат базасы өзімізде, яғни уран бағасының ауытқуы бізге әсерін тигізбейді. Бұл электр энергиясына тұрақты әрі болжамды тарифтерді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

«Біздің еліміз сияқты ең көп энергия пайдаланатын экономиканы дамытуға дәл осы атом энергетикасы негіз болып, халықтың тұрмыс деңгейін одан әрі арттыруға мүмкіндік беруге тиіс. Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, атом энергетикасы экономиканың көптеген салаларында инновацияларды қолдануға ынталандырады. Әрі отандық өнеркәсіптің дамуына да үлкен серпін береді. Сондықтан біз өзімізде баламасы жоқ тұрақты және сенімді энергия көзінен тыс қала алмаймыз», – деп атап өтті Олжас Бектенев.

Мәселені қарау қорытындысы бойынша дауыс беру жүргізілді. Ұсынылған Үкімет қаулысының жобасы бірауыздан қолдау тапты. Энергетика министрлігіне Үкімет Аппаратымен бірлесіп, Президент Әкімшілігіне Жарлық жобасын енгізу тапсырылды.

• Жеке инвестициялар есебінен жұмыс істеп тұрған электр стансаларын жаңғырту және кеңейту бойынша 22 инвестициялық келісім жасалды. Ұлытау, Қызылорда, Түркістан облыстарында, Алматыда жалпы қуаты 3500 МВт-тан асатын маневрлі газ электр станцияларын салу бойынша жобалар портфельі іске асырылуда. Жаңа ЖЭО салу бойынша шаралар қабылдануда.

• Бүгінгі таңда әлемде белгіленген қуаты 374 ГВт болатын 415 ядролық реактор пайдаланылуда. Олар жалпы әлемде өндірілетін барлық электр энергиясының шамамен, 10% қамтамасыз етеді.

• Қазақстанда атом энергетикасын дамыту үшін барлық қажетті жағдай бар. Еліміз өндірілетін табиғи уран көлемі бойынша әлемде 1-ші орында және іс жүзінде толық ядролық отын цикліне ие. Халықаралық серіктестермен (АҚШ, Қытай, Франция және Ресей) бірлесіп уранды конверсиялау және байыту кезеңдерін дамыту бойынша жұмыс жүргізілуде.

• Жобаны іске асыру сатысында Қазақстанда 8 мыңға жуық жұмыс орны құрылады, пайдалану кезінде 2 мың адам жұмыспен қамтылады деп күтілуде. Бұл ретте атом электр стансасындағы әрбір жұмыс орны аралас салаларда 10-ға дейін жұмыс орнын құрады, бұл еңбек нарығына және бүкіл өңірдің дамуына оң әсер етеді.

• Ресей, Қытай, Оңтүстік Корея, Франция және АҚШ-тағы 6 компаниядан 13 АЭС жобасы қарауға ұсынылды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

ҚР Энергетика министрі
Алмасадам СӘТҚАЛИЕВ:

ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕ АЭС-КЕ БАЛАМА ЖОҚ

Әлем көміртегі бейтараптығына бет бұруда. Халықаралық қаржы институттары көмір электр станцияларын салуға инвестиция салудан бас тартады. Сонымен қатар, біз еліміздегі газ ресурстарының шектеулі болуына байланысты газ генерациясын ауқымды енгізуді жүзеге асыра алмаймыз. Өз кезегінде, жаңартылатын энергия көздері табиғи-климаттық жағдайларға тәуелділігіне байланысты электр энергиясын өндірудің сенімді базалық көзі бола алмайды. Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, атом электр стансасының құрылысы шығатын қуаттарды ауыстыру және Қазақстанның энергияға тәуелсіздігін қамтамасыз ету үшін жалғыз дұрыс шешім болып көрінеді. Қазіргі кезеңде АЭС-ке балама жоқ...

АЭС құрылысы энергетикалық және экологиялық міндеттерді шешіп қана қоймай, ғылыми зерттеулер мен білім беру бағдарламаларын дамыту үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Халықаралық серіктестермен бірлескен жобалар Қазақстанды уран өндіруде әлемдік көшбасшы ретінде ғана емес, атом саласындағы жоғары технологиялық шешімдерде де жаңа деңгейге көтеруге көмектеседі.

Қазақстанда АЭС салу біздің энергетикалық тәуелсіздігімізді нығайтады және 2060 жылға дейін қабылданған көміртекті бейтараптық стратегиясын іске асыру жолындағы негізгі қадам бола отырып, ел экономикасы үшін елеулі мультипликативті әсер әкеледі. Атом электр стансасын салудың орындылығы туралы референдум осы жобаны іске асыру жолындағы маңызды кезең болады. Бұл оқиға ел халқына өз пікірін білдіруге және энергетика саласын дамытудың келешектегі бағытын айқындауға мүмкіндік береді.



«Қазақстандық атом электр станциялары» АҚ Бас директоры
Тимур ЖАНТИКИН:

АТОМ ЭЛЕКТР СТАНСАЛАРЫ ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ ҚАУІПСІЗ ӘРІ СЕНІМДІ ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІНЕ ЖАТАДЫ

Қазақстанда АЭС салу мәселесі тоқсаныншы жылдардан бастап қаралуда. Қазір энергия тапшылығы мен жұмыс істеп тұрған қуаттардың тозуының артуы жағдайында ол қайтадан өзекті болды. Сондай-ақ, атом электр стансалары әлемдегі ең қауіпсіз әрі ең сенімді энергия көздеріне жататынын атап өткен жөн. Қоршаған ортаға әсерге келетін болсақ, атом энергетикасы, тіпті ЖЭК-пен салыстырғанда, ең экологиялық таза энергия көзі болып саналады.

Сонымен қатар, көптеген дамыған елдерде атом энергетикасы жасыл таксономияға енгізілген. Атом энергетикасының дамуы парниктік газдар шығарындыларының төмендеуіне ықпал етеді, бұл экологиялық жауапкершіліктің жаһандық трендтеріне сәйкес келеді. Референдум қорытындысы бойынша оң шешім қабылданған жағдайда атом технологиясының нақты жеткізушісін таңдау және жобаның ТЭН-ін бірлесіп әзірлеу келесі маңызды міндет болады. Объективті шындық – Қазақстанның болашағы атом энергетикасымен тығыз байланысты.



«Ядролық физика институты» РМК бас директоры
Саябек САХИЕВ:

ҚАЗАҚСТАН ҚАЖЕТТІ КАДРЛЫҚ ӘЛЕУЕТ ПЕН ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ БАЗАСЫНА ИЕ

Қазақстан қазірдің өзінде Франция, Германия, Ресей, Түркия және Қырғызстан секілді 5 елге радиоизотоптар экспорттайды. Сонымен қатар, Қырғызстанға онкологиялық ауруларды диагностикалау және жүрек-қан тамыр жүйесін емдеуге арналған радиофармпрепарат МАГАТЭ қаражаты есебінен жеткізіледі. Бұл шетелдік әріптестермен тәжірибе және білім алмасу бойынша тығыз ынтымақтастықтың нәтижесінде мүмкін болды.

Атап айтқанда, жұмыс 30-дан астам шетелдік серіктестермен, соның ішінде ЦЕРН, Лауэ-Ланжевен институты сияқты жетекші халықаралық ғылыми ұйымдармен және әлемнің ірі университеттерімен – соның ішінде әлемнің жоғары оқу орындарының рейтингінде 1 орын алатын Массачусетс технологиялық институтымен, еуропалық университеттер арасында 4-орында тұрған Карлсруэ технологиялық институтымен жүргізілуде. Біздің Институт базасында зерттеу ядролық реакторы 57 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Осы жылдар ішінде үш ұрпақтан астам ғалымдар мен инженерлер ауысты. Осы уақыт аралығында бірде-бір оқыс оқиға тіркелген жоқ.

Бұл реакторлардың ең қауіпсіз түрі екенін растаймыз. Біздің зерттеу ядролық реакторының жанында «Алатау» шағынауданы орналасқан. 80-жылдардың басында онда 4 мыңнан астам адам тұрды, қазір шағынауданның халқы 15 мыңнан асты. Екі жыл бұрын біз 50 еріктіге жеке детекторлар тараттық. Бүгінгі күні радиациялық деңгейдің нормадан асуының бірде-бір жағдайы тіркелген жоқ, бұл әрине, реакторлардың радиациялық және экологиялық қауіпсіздігін тағы да дәлелдейді. Атом энергетикасын дамыту еліміздің электрмен жабдықтау мәселелерін шешіп қана қоймай, жоғары білікті инженерлер, ғалымдар және мамандар тобын қалыптастырудың тарихи мүмкіндігі, сондай-ақ, бұл отандық ғылымға қуатты серпін береді. Болашақ – атом энергетикасында.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: primeminister.kz).



СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

САЙРАН САЙФЕДЕНОВ,
Алматы қалалық Білім басқармасының басшысы:

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫ ЖАҢА МАҚСАТҚА БАСТАЙДЫ

– Сайран Тәпенұлы, енді санаулы күнде жаңа оқу жылы басталады. Сондықтан сұхбатыңызды білім мекемелерінің дайындығы туралы бастасаңыз...

– Алдымен қаламыздағы білім мекемелерінің тынысынан бастайын. Алматы қаласында 336 486 оқушы оқитын 337 орта білім беру ұйымы бар. Осы мекемелердің 215-і мемлекеттік, ондағы оқитын оқушы саны бүгінде 300 797-ден асып кетті.

Ал қаламыздағы 122 жекеменшік мектепте оқитын оқушы саны 35 689-ға жетіп отыр. Өмір болған соң, ауылдан қалаға қоныс аудару мәселесі де болады. Сондықтан ішкі көші-қон мен демографиялық жағдайға байланысты мектеп оқушыларының саны жыл сайын 12–14 мың балаға өсіп, қазіргі уақытта қала бойынша оқушы орындарының тапшылығы 30 878-ді құрап отыр.

Өткен оқу жылында 13 086 түлек 11-сыныпты бітірсе, 9-сыныпты 8130 түлек бітірді. Мектеп бітірген оқушылардың орнын 28 144 бала басып, алғаш рет мектеп табалдырығын аттамақшы.

– «Алматы қаласын Дамыту бағдарламасын» іске асыру шеңберінде жасалып жатқан жұмыстар туралы да айта отырсаңыз...

– Ағымдағы жылдың 7–17 қыркүйегі аралығында «Білім берудегі жаңа технологиялардың қалалық ғылыми-әдістемелік орталығы» 30 математика, 30 жаратылыстану пәні мұғалімі және 10 әдіскерді «MARSHALL CAVENDISH EDUCATION PTE. LTD» компаниясымен бірлесіп Сингапур елінде оқытуды жоспарлап отыр.

Тренинг барысында шебер-жаттықтырушыларға курсты басқа мұғалімдерге үйретуге алатындай толық курстық жазбалар мен мұғалімге арналған нұсқаулық беріледі. Сондай-ақ, дайын ресурстар функционалдық сауаттылық құзыреттері бойынша 300 сұрақ түрінде беріледі. Сондай-ақ, шебер жаттықтырушылар оларды оқушылардың тұжырымдамалық түсінігі мен процесс дағдыларын дамыту үшін сабақта пайдалануына мүмкіндік береді.

– «Мектепке жол» акциясының барысы қалай?

– Осынау қайырым мен мейірімге толы шараның өтіп келе жатқанына да жиырма жылға жуықтаған екен. Қаншама бала қатарластарынан қалыспай мектеп партасына отырды. Аталмыш шара мыңдаған отбасына қуаныш сыйлады. Сондықтан бұл шара әлі де жалғаса беретін болады.

Жалпы, республикамыз бойынша «Мектепке жол» акциясы 1 тамызда басталды. «Жалпыға бірдей білім беру» қорына жергілікті бюджеттен 1 млрд 632,8 теңге бөлінсе, мектеп формасы, кеңсе тауарларымен қамтамасыз ету үшін 880,4 млн теңге қарастырылды. Дәл қазіргі уақытта қаламыздың 12 675 баласы мектеп формасы, аяқкиім, спорттық киім және кеңсе тауарларын алуға 55 мың теңге көлемінде материалдық көмек алды. Сонымен қатар, демеушілер мен меценаттар тарапынан мұқтаж балаларға киім-кешек пен кеңсе тауарларын сатып алу түрінде көмек көрсету жұмыстары әлі де жалғасып жатыр.

– Сайран Тәпенұлы, мектеп асханаларының жұмысы, ондағы талаптардың орындалуын кім, қалай бақылайды?

– Әрине, оқу жылы басталған соң, мектеп асханаларының да жұмысы басталады. Оқушының тамағының сапалы әрі дәмді болуы басты назарда болады. Бұл ретте оқушылардың тамақтануына қатысты қажетті шаралар қабылданды. Мәселен, 212



Қаламызда мектеп салу құрылысы қарқынды жүріп жатыр.

– 2024 жылдың 15 желтоқсанына дейін 15 мың орынды 8 мектеп.

Олардың ішінде: – «Қарасу» шағынауданындағы 2000 орынды мектеп;

– «Самғау» шағынауданындағы 2000 орынды мектеп;

– Рысқұлов даңғылы мен С.Әшімов көшесіндегі 2000 орынды мектеп;

– Райымбек, 210 даңғылындағы 2000 орынды мектеп;

– Егізбаев көшесі, 9 мекенжайындағы 2500 орынды мектеп;

– Құлжа тас жолының оңтүстігіндегі 2000 орынды мектеп;

– 2500 орынды «Шұғыла», Сәбденов көшесі бойындағы мектеп;

– «Құрамыс» шағынауданындағы 1500 орынды мектеп пайдалануға беріледі.

мектептің оқушысы ыстық тамақпен қамтылатын болса, 3 мектеп 205 баланы (№150, 194, 197) буфет арқылы тамақтандыратын болады. Ағымдағы жылы халықтың әлеуметтік осал топтары санатынан 1–4-сынып оқушылары мен 5–11-сынып оқушыларын тегін тамақпен қамтамасыз ету үшін жергілікті бюджеттен 18,5 млрд теңге бөлініп отыр.

Сәтін салса, биыл 133 мыңнан астам оқушы тегін тамақпен қамтылатын болады. Мектеп асханаларының мәзірі қала бойынша бірыңғай тамақтану нормалары мен Қазақ тамақтану академиясы бекіткен арнайы ережеге сай бекітілді.

«Мектеп автобустары» жобасы жалғасады

– «Мектеп автобустары» жобасының қолға алынуы сөз жоқ, ата-аналардың жұмысын жеңілдетіп отыр. Айтыңызшы, бұл жоба биыл да жалғасын таба ма?

– Қала әкімінің бастамасымен бұл жоба 2023 жылы қолға алынған еді. Сол жылы 97 жаңа автобус алынып, қаламыздағы 30 мектептің 8,3 мың оқушысын тасымалдауды бастап кеткен. Бұған жергілікті бюджет есебінен 6,1 млрд теңге бөлініп, оған 100 автобус сатып алынды. Биыл 6 мыңнан астам баланы қамтитын 23 мектепке тағы 100 автобус сатып алынды. Осылайша жаңа оқу жылында 14 мыңнан астам баланы (53 мектеп) қамтитын 200 автобус тасымалдайды. Жалпы, оқушыларды автобуспен тасымалдау үшін 2,5 млрд теңге қаржы бөлінді.

– Мақсатты мектептермен жұмыс жасау үшін жобалық кеңсе құру деп қалдыңыз... Осы мәселені тарқатып айтып берсеңіз...

– Білім басқармасы Қалалық әдістемелік кабинетпен бірлесе отырып, орта білім беру сапасын арттыру мақсатында қала мектептерімен кезең-кезеңімен жұмыс жасауды жоспарлап отыр. Ол былай болмақшы:

Мәселен, 2024-2025 оқу жылы – 22 мақсатты мектеп;

2025-2026 оқу жылы – 54 мақсатты мектеп. Осы мақсатта ағымдағы жылы қалалық әдістемелік кабинет жанынан білім сапасын арттыру әрі мақсатты мектептерге әдістемелік қолдау көрсету үшін Жобалық кеңсе құрылды.

Осыған орай, 22 мақсатты мектептің 1094 мұғалімін оқытудың кешенді бағдарламасы негізінде, нысаналы мектептердегі 1094 мұғалімді «Өрлеу» курстарында оқытуды жоспарлап отырмыз. Оқыту барысында пән мұғалімдері негізгі, негізгі және прогрессивті курстардан өтеді. Бағдарлама бойынша 12–19 тамыз аралығында бастауыш сынып мұғалімдері курстан өтіп үлгерді.

– Білім мекемелері төтенше жағдайларға дайын ба? Мәселен, кенеттен табиғи апат орын алған жағдайда қандай іс-әрекет қолданады? Жалпы, біздегі білім мекемелерінің апатқа қарсы тұруға мүмкіндігі бар ма?

– Иә, сауалыңыз орынды. Халқымыздың «апат айтып келмейді» деген сөзін әркез естен шығармауымыз керек. Біз қандай жағдайға болса да дайын болуымыз керек қой. Осы ретте Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, шаһар басшысының бастамасымен қаламыздағы барлық білім беру ұйымдарында табиғи апаттарға қарсы дайындық бағдарламасы әзірленген еді.

Сәтін салса, «2024-2025 оқу жылына арналған оқу процесінің ерекшеліктері туралы» нұсқаулық-әдістемелік хатқа білім

беру ұйымдары мен колледждердің оқу процесіне пилоттық жоба ретінде Алматы қаласының білім беру ұйымдарында төтенше жағдайларға дайындық бойынша оқу жоспарының вариативті бөліктерінің 1 сағатына байланысты оқыту бағдарламаларын енгізу туралы ұсыныс енгізгелі отырмыз.

Бұл бағдарлама «Жер сілкінісі кезіндегі іс-шаралар», «Өрт кезіндегі іс-қимылдар», «Сел және көшкін қаупі кезіндегі іс-шаралар», «Су тасқыны кезіндегі іс-шаралар», «Жеке қауіпсіздік жөніндегі іс-шаралар» деген бес модульден тұрады. Осынау қолға алып отырған «Төтенше жағдайларға дайындық» бағдарламасы үлкен жауапкершілікті көтеріп, қаламыздағы білім беру ұйымдарының қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, балалардың өмір мен денсаулығын қорғауды, жалпы, баршамыздың жауапкершілігімізді арттыруды көздеп отыр.

– «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы барысында салынып жатқан мектептер пайдалануға беріле ме?

– Елімізде қолға алынып отырған «Жайлы мектеп» жобасына Алматы қаласы да белсенділікпен атсалысып жатыр. Жоба барысында Алматы қаласы әкімдігі 36,8 мың оқушыға арналған 22 мектеп құрылысын іске асыруды жоспарласа, 32,8 мың орынды 20 мектеп ағымдағы жылдың соңына дейін, 4 мың орынды 2 мектеп 2025 жылы пайдалануға берілімекші. Дәл қазір қаламыздағы 23 100 орынды 13 мектептің құрылысын «Samruk-Kazyna Construction АҚ» жүргізіп жатыр.

Мәселен, 4 мектептің №97 – «Dial-Stroy», «Қарасу» – «BI group», «Самғау» – «BI group», «Теректі» – BI group компаниялары жүргізіп жатыр. Оларға жасалған жобалау-сметалық сараптама оң қорытынды көрсетті. Сондай-ақ, 9 нысанның жобалық құжаттамасы сараптамадан өтіп жатыр.

Сәтін салса, осы оқу жылында пайдалануға берілуі тиіс. Қаламыздағы байырғы білім мекемелерінің бірі – №97 мектептің құжаттары, яғни декларация, пайдалануға беру актісін рәсімдеу сияқты жұмыстар жүргізілуде.

Мәселен, 11 700 орынды 8 мектеп құрылысын жеке инвесторлар жүргізіп жатыр. Бүгінгі таңда 1 мектептің құрылысы аяқталды. Ол «Шұғыла» ықшамауданында орналасқан 1200 орынды мектеп.

– Күрделі жөндеу жұмыстары қалай жүріп жатыр? Оқу процесіне кедергі келтірмей ме?

– Биыл ағымдағы жөндеу жұмыстары бойынша 180 мемлекеттік мектепке жөндеу жұмыстары жүргізілді. Оқу процесіне кедергі келтірмейді. Тамыздың соңына дейін аяқталуға тиіс мектептер де бар. Ағымдағы жөндеу жұмыстарына жергілікті бюджеттен 5,9 млрд теңге бөлінді.

– Жаңа оқу жылы қарсаңында қаланың Бас ұстазы ретінде әріптестеріңізге қандай тілек тілер едіңіз?

– Әрине, бұл өте жауапкершілігі мол сала ғой. Ең бастысы, бізге ата-аналар өздерінің ең қасиетті, көзінің ағы мен қарасындай болған балаларының тағдырын сеніп тапсырып отыр. Осы сенімге адал болайық. Жаңа оқу жылы жаңа мақсатқа бастайды. Осынау қызығы мен қиындығы мол мамандық иелеріне ең алдымен денсаулық, сабырлық тілер едім. Жаңа оқу жылы құтты болсын!

Сұхбаттасқан
Рая ЕСКЕНДІР.



ЖОШЫ ҰЛЫСЫ – 800

Биыл 2024 жыл – Жошы ұлысының 800 жылдық тарихи датасымен сәйкес келуін және бұл датаның елімізде аталып өтіп жатқанын ескере отыра, газет оқырмандарын Жошы ханның өмірімен, ол негізін қалаған Жошы ұлысының қазақ елінің тарихымен өзара байланысын сөз студі жөн көрдік.



(Фотодекеккөз: syrboyi.kz)
Суретті мүсірген
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

ЖОШЫ ХАН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТАРИХЫ

(Басы өткен санда)

Алтын Орда – Жошы ұлысы

Жошыға берілген жердің бәрі тарихта Жошы ұлысы деген атауға ие болады. Ал оны басқарушы хан лауазымымен айтыла бастайды. Шамамен, 1224 жылдан бастап Жошы есімінің жанына «хан» титулы қосылып айтылады. Жошы ұлысының алғашқы аумағына қазіргі Қазақстан жерінің далалық бөлігі, Хорезм енді. Кейіннен 1236–1242 жылдары Жошының екінші ұлы Батудың (Батый) «Батысқа жеті жылдық жорығы» нәтижесінде Ұлыс аумағы батыста Дунай өзеніне дейін кеңейеді. Осы аумақтағы мемлекет кейіннен кейбір деректерде және ғылыми әдебиеттерде Алтын Орда деген атауға ие болады. Бүгінгі күндері кейбір авторлар тарапынан Алтын Орда атауы мен Жошы ұлысы атауы синоним ретінде қолданылады.

Жошы хан 1227 жылы Орталық Қазақстандағы Ұлытау өңірінде аң аулап жүріп, әкесі Шыңғыс ханнан 5-6 ай бұрын қайтыс болады. Шыңғыс ханның 1227 жылы тамыз айында қайтыс болғаны нақты дәлелденген, олай болса Жошы 1227 жылы наурыз-сәуір айларының бірінде қайтыс болған деуге болады. Жалпы, тарих ғылымында Жошы ханның қалай қайтыс болғаны жөнінде бірауызды пікір жоқ. Осы жөніндегі мәліметтерге көз жүгіртсек, бірнеше нұсқаны көреміз. Олар мыналар: 1) Жошы хан аң аулап жүріп, аттан құлап өледі; 2) Жошы хан аң аулап жүргенде әкесі Шыңғыс хан жіберген жасырын арнайы адамдар майып етіп өлтіреді; 3) Шыңғыс ханның тапсырмасымен жасырын түрде тамағына у қосып беріледі.

• Жошы ханның мавзолейі күні бүгінге дейін Ұлытау өңірінде Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы аумағында, Жезқазған қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 50 шақырымдай жерде, Малишбай ауылының маңында тұр. Қазіргі кезде Жошы ханның мавзолейі сол өңірдегі Алаша хан мавзолейі, Домбауыл кесенесі секілді тарихи ескерткіштермен бірге тарихи туристік орындарды қалыптастырып отыр. Жыл сайын бұл маңға келетін туристер саны артуда. Тек қана сол тарихи орындарға баратын жолдар жөнделіп, талаптарға сай болса, туристер саны еселеп артар еді.

Талас Құрылтайы: екі саясат, екі қағидат

Жошы хан 40-тың ортасында қазіргі өлшем бойынша ерте қайтыс болса да, оның Ұлыста аз уақыт болса да жүргізген саясаты зерттеуші мамандардың назарынан тыс қалмады. Оның ұстанған принципі мен жүргізген саясаты бүкіл Моңғол империясының алғашқы кезеңінде жүргізілген саясат пен оның ішкі ағымдарына негіз болып қаланды. Зерттеуші мамандар XIII ғасырдың алғашқы ширегінен XIV ғасырдың ортасына дейінгі аралықта Моңғол империясының, Жошы ұлысы мен Алтын Орданың, Шағатай ұлысының және Ирандағы Елхандар әулеті билеушілерінің жаулап алынған елдер мен бағындырылған халықтарға қатысты жүргізген саясатында бір-біріне қарама-қарсы екі ағымның болғандығы жөнінде ойларын айтады.

Бірінші ағым бойынша – бағындырылған халық өкілдерін билікке жақындатпау, билікке араластырмау, халықтың дәстүрлі шаруашылығын елемей, моңғолдың көшпелі мал шаруашылығын күштеп енгізу, бағындырылған халықтарды үнемі талан-таражға салып, тонап отыру саясаты жүргізіледі. Бұл саясаттағы ағымды Шыңғыс қағанның өзі бастап, ұлы Шағатай хан, немересі – Гүйік қаған одан әрі қолдайды.

Бұл ағымға қарсы екінші ағым саясаты тұрады. Ол бойынша мүлде кері саясат жүргізіледі. Бағындырылған халықтың өкілдері билікке араластырыла бастайды, жергілікті халықтардың дәстүрлі шаруашылықтарын құрметтеу және талан-тараждар мен тонауларды тоқтатып, оның орнына тұрақты салықтарды енгізу саясаты жүргізіле бастайды.

Екінші ағымның басында Жошы Ұлысында жүргізген саясатымен Жошы хан тұрды. Жошының ұстанымы мен саясатын кейіннен Үгедей қаған, Мөңке қағандар жалғастырады. Екі ағым арасында күрестер өрбиді де, 1269 жылғы Талас Құрылтайында екінші ағым толығымен жеңіске жетіп, заңды құжат ретінде қабылданады. Осылайша Жошы ханның жүргізген саясаты мен ұстанған принципі өміршең болып, өзі қайтыс болғаннан кейін қолдау табады да, ақыры жеңіп шығады.

Осы жерде айта кетуіміз керек, биылғы жылы Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылып отырылған белгілі жазушы, драматург Думан Рамзанның «Жошы хан» атты пьесалар жинағындағы «Жошы хан» атты туындысында басты кейіпкер – Жошы ханның ішкі саясаттағы басқа ағым өкілі – інісі Шағатаймен қақтығысы, Жошы ханның гуманистік ұстанымы, жергілікті халық өкілдерімен тығыз байланысы туралы баяндалады.

Рашид ад-дин еңбегінде және тағы басқа тарихи шығармаларда Жошы ханның сегіз әйелі және олардан туған 18 ұлы болған делінеді. Жошы ханның ұлдары ішінде өзіндік тарихи болмысымен, жүргізген саясатымен тарихта қалғандары – Орда ежен, Батый хан, Берке хан, Беркежар, Шибан, Тұқай темір атты ұлдары. Батый хан әкесінен соң Ұлыс билеушісі болып, Ұлыс аумағын батысқа қарай екі еседей ұлғайтады. Оның беделі өте зор болып, империяның Қарақорымдағы тағына кімдерді отырғызу керек екенін шеше алады. Оның ұрпақтары Алтын Ордада «Нар мойны Бердібекте кесілді» деген кезең –1359 жылға дейін 135 жыл билік құрады.

Жошы ұлысынан – Қазақ хандығына дейін

Жошы ханның үлкен ұлдарының бірі Берке хан ағасы Батый ханнан соң 10 жылдай Алтын Орда тағын иеленіп, осы уақыт ішінде Алтын Орданы Моңғол империясынан оқшаулауға күш салады. Ал Алтын Ордада ислам дінінің кең таралуы, осы Берке ханның есімімен тығыз байланысты екенін барлық зерттеуші мамандар мойындайды. Беркежар атты Жошының тағы бір ұлы тарихымызда Талас Құрылтайын дайындау және өткізумен жазба дерек мәліметтерінде қалады.

Жошы ханның үлкен ұлы – Орда Ежен, бесінші ұлы – Шибан және кіші ұлы – Тұқайтемірдің өздері де және ұрпақтары да Алтын Орда тарихында терең із қалдырады. Жошы ханның бұл ұлдарының ұрпақтары жөнінде көлемді зерттеулер бар, жеке-жеке монографиялық еңбектер де бар.

Жошы ханның Тұқайтемір атты кіші ұлының ұрпақтары Алтын Ордада Батый әулетінің билігі тоқтатылғаннан кейін күшейеді де, сол аумақтағы тақ үшін жүргізілген саяси күрестерге белсене араласады. Тұқайтемірдің ұрпақтары Алтын Орданың ыдырауы кезінде құрылған Қырым, Қазан, Қажытархан (Астрахан), Үлкен Орда хандықтарында билік етеді. Қырым хандығындағы – Меңлігерей хан, Алтын Ордадағы – Тоқтамыс хан, Үлкен Ордадағы – Кіші Мұхаммед хан, Ұлы Мұхаммед хан, Сейітахмет хан, сондай-ақ Қазандағы Қасым хандар, бәрі Жошы ханның ұлы Тұқайтемірдің ұрпақтары болып келеді.

Жошы ханның бесінші ұлы Шибан көзі тірісінде атақ-абырой мен беделге ие болып, ұлыс басқарған тұлға болды. Ол Батыйдың жеті жылдық жорығына қатысып, ерліктер жасайды, ағасынан сый-сияпаттар алады. Шибан секілді ұрпақтары да ата жолын одан әрі асқартатады. Алтын Ордадағы «дүрбелең кезеңде» және одан кейінгі ыдырау кезеңде Шибан ұрпақтары таққа таласып, саяси

күрестің отын маздатады. Сібірде шибандықтар билікке келеді, Сібір хандығын құрады. Атақты Көшім хан – Шибан ұрпағына жатады. Керей мен Жәнібек хандардың Дешті Қыпшақ аумағындағы саяси қарсыласы Әбілқайыр хан – Шибан ұрпағының өкілі. Әбілқайыр ханның немересі атақты Мұхаммед Шайбани хан қазақ хандары – Бұрындық пен Қасымнан жеңіліс тауып, 1500 жылы Орта Азиядағы Самарқан тағын иеленеді де, ол жақта бір ғасырға созылған шибанилар әулетінің билігін құрады. Дешті Қыпшақтан «өзбек» атауы Мауереннахрға алып барып, сол жаққа сіңіріп жіберді.

Жошының тұңғышы Орда Ежен інісі Батыйдың 1236–1242 жылдардағы Батыс Еуропа аумағына жасаған жорығына қатысып, үлкен ерліктер жасап, жорықтың табыспен аяқталуына үлес қосып, бауырынан сый алады. Ордаежен де, Шибан да Батыймен бірге Жошы ұлысында ұлыс басқарады. Орда Ежен ұрпақтарының Ұлысы кейіннен Ақ Орда деген атауға ие болады. Ақ Ордада олар билік етеді. Атақты Орыс хан, Барақ хан – осы Орда Ежен ұрпақтары. Көп ұзамай Орыс ханның шөберелері – Керей мен Жәнібек хандар XV ғасыр ортасында Дешті Қыпшақ аумағында, бұрынғы Жошы Ұлысының жерінде Қазақ хандығының негізін қалайды.

• XV-XIX ғасырлардағы қазақ хандары мен сұлтандары - Жошы ханның тікелей ұрпақтары болып келеді. Керей мен Жәнібек хандардан бастап Кенесары ханға дейінгі Ұлы Дала аумағындағы саяси тұлғалардың бәрі Жошы ханның ұрпақтары болып келеді.

Сондай-ақ, қазіргі таңда қазақ халқының құрамындағы төре деп аталатын этникалық топ – Жошы ханның ұрпақтары болып саналады. Біздің ойымызша, Жошы ұрпақтары арасында бүгінгі күндерге дейін өздерінің шығу тегін ұмытпай, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырған төрелер әулеті – тек қазақ халқында ғана сақталған. Бұл да қазақ халқында тарихқа деген құрметті көрсетсе керек.

Жоғарыда айтылған ойларымызды аяқтап, тұжырымымызды түйіндей келе, Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошы ханның Қазақ тарихында алар орны ерекше деуге болады. Жеке болмысынан оның ержүрек, батыл жауынгер екенін, әскери өнерді жетік меңгеріп, жеңіліс көрмеген қолбасшы болғанын көреміз. Мемлекет қайраткері ретінде адамгершілік принциптерді ұстанып, оны ел басқаруда қолданады. Ал оның ұрпақтары ата жолын ұстанып, XIII–XVIII ғасырларда Евразия аумағының саяси картасында белсенді ойыншылар болады.

• Ұлттық сипаттағы Қазақ мемлекеттілігін құру мен оны төрт ғасыр бойы саяси басқару Жошы ханның ұрпақтарының үлесіне тиеді. Олар оны XIX ғасырға дейін орындап келді. Сол себепті де Қазақ тарихында Жошы хан және ұрпақтарының алар орны ерекше деп санаймыз.



Беркет КƏРİBAEV, ҚР ҰҒА академигі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, тарих ғылымының докторы.



«ҒЫЛЫМ ОРДАСЫ»

ЖАҢА АКАДЕМИКТЕР

ҒЫЛЫМИ ҚОҒАМДАСТЫҚҚА ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Алматыдағы «Ғылым ордасы» ғимаратында Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Ұлттық Ғылым академиясының жаңа академиктерін ғылыми қоғамдастыққа ресми таныстыру бойынша жиын өтті. Іс-шараға 42 ЖОО мен 40-қа жуық ғылыми зерттеу институттарының бірінші басшылары мен өкілдері, сондай-ақ 50-ден астам жас ғалымдар қатысты.

Ернұр
ЕРЛАНҰЛЫ

ҚР Президентінің жанындағы ҚР Ұлттық Ғылым академиясының президенті Ақылбек Күрішбаев құттықтау сөзінде Қазақстан ғылым саласындағы жүйелі реформалардың маңыздылығын және ғалымдардың салмақты дауысқа ие болатын жаңа басқару механизмін құру қажеттілігін атап өтті. Ол ҚР Президенті жанындағы Ұлттық Ғылым академиясын құру және оған мемлекеттік мәртебе беру осы жаңа жүйенің негізгі элементі екендігін сөзге тиек етті.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек өз бейнеүндеуінде ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың 2022 жылғы 1 маусымдағы Ұлттық Ғылым академиясына мемлекеттік мәртебе беру арқылы оның рөлін арттыру туралы тапсырмасын еске салды. Ол бұл тапсырманы іске асыру кезеңдерін, соның

ішінде «Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамын құруды және Академияға Президент жанындағы ерекше мәртебе беруді атап өтті. Министр сондай-ақ, жақында ғана қол қойылған «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Заңның ғылым саласындағы соңғы уақыттағы басты жаңалық екенін атап өтті.

Арнайы құттықтау сөзін жіберген Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Алматы қаласының елдегі ғылым мен білімнің негізгі орталығы екендігін еске салып, Академияның мақсаттары қаланың дамуының негізгі бағдарламаларымен тығыз байланысты екенін баса айтты. Ол жаңа академиктерді лайықты атақтарымен құттықтап, отандық ғылымның дамуына айтарлықтай үлес қосқандығын атап өтті.

Жаңадан сайланған академиктерге дипломдар мен төсбелгілерді ҚР ғылым және жоғары білім вице-министрі Дархан Ахмед-Заки ресми түрде табыс етті.

Бүгінгі іс-шара Қазақстан ғылымының дамуына зор үлес қосқан ғалымдардың жетістіктерін атап өтті. Сондай-ақ, ел дамуындағы ғылымның маңызды рөлін айқындап, ҚР Президенті жанындағы Ұлттық Ғылым академиясының жаңартылған құрамын қалыптастыру үрдісінің бастауын белгіледі.

Осы іс-шара аясында ҚР Президенті жанындағы ҚР Ұлттық Ғылым академиясының Жас ғалымдар кеңесінің кеңейтілген отырысы өтті. Отырыста кеңес төрағасы Мақсат Жабағин кеңестің алты айлық жұмысы туралы есеп берді. Жиынға академиктер де қатысып, өзара сабақтастық қалыптасты. Жас ғалымдар отандық ғылымның дамуын талқылап, тың ұсыныстар айтты.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ЖАСТАР САЯСАТЫ

АЛМАТЫ – ЕРІКТІЛЕР ҚАЛАСЫ

Шаһардағы волонтерлер 500-ден аса шара өткізген

Алматыда 50 мыңнан астам волонтерді біріктіретін 30-дан астам ірі ұйым бар. Жыл басынан бері олар 500-ден астам іс-шара мен акциялар өткізген. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен кезекті брифингте Жастар саясатын дамыту мемлекеттік қоры басшысының міндетін атқарушы, Алматы қаласы бойынша волонтерлар фронт-офисінің жетекшісі Бағдат Анарбаева толығырақ айтып берді.

Нұржамал
ӘЛШЕВА

«Алматы қаласында аз қамтылғандарға қамқорлық жасау, қоршаған ортаны қорғау, мұқтаж жандарға көмек көрсету және т.б. қайырымдылық қызметтің түрлі саласына арналған ұйымдар мен бастамалардың кең ауқымын қамтитын бай және серпінді волонтерлік қоғамдастық бар. Волонтерлер әртүрлі бағыттағы іс-шаралар өткізеді. Бір волонтерлер ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды оқытса, кейбірі жалғыздікті зейнеткерлерге арналған пансионаттарда шығармашылық кештер ұйымдастырады, ал басқалары жануарларға немесе қоршаған ортаға көмектеседі», – деді Б.Анарбаева.

Спикер волонтерлердің күні кеше елімізді әбігерге салған су тасқыны кезінде де ерекше белсенділік танытып, зардап шеккен аймақтарға 592 тонна гуманитарлық көмек жинап, жөнелткенін атап өтті.

«Жиын пунктінің жұмысына «Qamqor Charity», «Қазақстан еріктілер лигасы», «Newman», «Тепло», «Халық»

сияқты 30-дан астам ірі қайырымдылық қоры мен волонтерлік ұйымдар, 200-ден астам волонтер мен Радио-электроника және байланыс әскери-инженерлік институтының 100 курсанты тартылды. Гуманитарлық көмек жинаудың алғашқы күндерінен бастап үлкен белсенділік пен алаңдаушылық танытқан Алматы қаласының тұрғындарына да алғыс білдіргім келеді», – деді спикер.

Жылы мезгілде қаланың барлық ауданында волонтерлер отандық фильмдердің тегін көрсетілімдерін ұйымдастырады. Сонымен, жазғы маусымның басынан бастап ашық аспан астында, 10 000-нан астам адамды қамтитын 40-тан астам фильм көрсетілді. Б.Анарбаева мегаполисте жакын арада «Ілгі істер марафоны» басталатынын, оның аясында түрлі қайырымдылық және еріктілер акциялары ұйымдастырылатынын хабарлады.

Естеріңізге сала кетейік, Алматы қаласындағы волонтерлер фронт-офисінің қызметі Алматы қаласы Жастар саясаты мәселелері басқармасының қолдауымен жүзеге асырылады.



ТАҒЫЛЫМ

БЕЙБІТ КҮННІҢ ҚАДІРІ

Қала ардагерлері жас ұрпақ
Ұлы Жеңістің қалай келгенін
ұмытпаса дейді

Келер жылы Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 80 жыл толады. Бұл соғыс дүниежүзі тарихындағы ең қанды оқиғалардың бірі болғаны тарихтан белгілі. Кеңес Одағы 27 миллионнан астам адамынан айырылды, олардың ішінде әскери және бейбіт тұрғындар да бар.

Бүгінгі күні Алматы қаласында соғысқа қатысқан майдангерлерден 41 адам, ардагерлермен теңестірілген – 4670 карт және 6725 тыл еңбеккері қалды. Өткенімізді жас ұрпақ ұмытпауы және қадірлей білуі керек. Жуырда Алматы қалалық Ардагерлер кеңесінің төралқа отырысында Ұлы Жеңістің 80 жылдығына қазірден дайындалу туралы сөз қозғалып, өткізілетін іс-шаралар да бекітілді.

Қалалық Ардагерлер кеңесі түрлі конференциялар, кездесулер, «дөңгелек үстелдер», еңбек ұжымдарымен, жоғары оқу орындарының студенттерімен, зейнеткерлермен және мектеп оқушыларымен кездесулер өткізуді көздеп отыр. Қалалық, аудандық пленумдарды, қалалық және аудандық ардагерлер кеңестері президиумдарының отырыстарын ұйымдастыру, сонымен қатар қарттар арасында өтетін спорттық және мәдени іс-шаралар қолға алынады.

Тамыз және қыркүйек айларында 245 мың ардагерді біріктіретін қаланың 700 бастауыш ардагерлер ұйымы есеп беру-сайлау жиындарын өткізіп, онда Ұлы Жеңістің 80 жылдығын мерекелеуге дайындық барысы талқыланады. Ал 28-29 қыркүйекте Алматыда «Мәскеу – Ұлы Жеңістің астанасы: ұрпақ жады» атты халықаралық акция өтеді. Оған ТМД елдерінің делегациялары Жеңіс күніне дайындық ретінде қатысады. Қалалық Ардагерлер кеңесінің мүшесі, профессор Ләйлә Сейсембекқызы Ахметова «Жеңіс мерейтойына – Отанға тартуым» тақырыбында баяндама жасайды.

Сонымен қатар, Алматы қаласының ардагерлері қаланың барлық мектебіндегі сынып сағаттарына қатысып, өздері жинаған кітаптарын мектеп кітапханаларына сыйға тартпақ. Осынау іс-шаралардың бәрі бүгінгі ұрпақты өздеріне бейбіт күн сыйлаған ардагерлерді, тарихты құрметтеуге шақыратыны сөзсіз.

С.ҚҰРМАНҒАЛИЕВ,

Алматы қалалық Ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары.

БРИФИНГ

КҮН СУЫТСА,
ТҰМАУ БАС КӨТЕРЕДІАл оған қарсы тұруға
қауқарлымыз ба?

Күз де келіп қалды. Күн суытса, жедел респираторлық вирустық инфекциялар мен тұмау да бас көтереді. Алматы қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасында тұрғындарды маусымдық эпидемиядан қорғау үшін кешенді іс-шаралар қабылданды.

ӨКҚ алаңында өткен брифингте Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының эпидемиологиялық бақылау бөлімінің басшысы Бақжанар Мұхамедиева ЖРВИ мен тұмаудың алдын алу үшін келесі іс-шаралар енгізілгенін хабарлады. Яғни 1 қыркүйектен бастап емханалардың барлық егу кабинеті мен сүзгілері, демалыс және мереке күндерін қоса алғанда, күшейтілген жұмыс режиміне ауыстырылады. Қала бойынша фельдшерлік бригадалардың жұмысы үшін емханалар жанындағы жедел медициналық жәрдем бөлімшесі деңгейінде шұғыл 4 санаттағы шақыруларға қызмет көрсету үшін 102 жедел медициналық автокөлік бөлінді. ЖРВИ және тұмаумен ауыратын науқастарды ауруханаға жатқызу үшін қала стационарларында 453 орын дайындалды және науқастар саны артқан жағдайда қосымша тағы 90 төсек орналастыру мүмкіндігі қарастырылған.

Спикер ЖРВИ мен тұмаудың алдын алу мақсатында жергілікті бюджет есебінен тәуекел тобындағы адамдар үшін 200 мың доза мөлшерінде тұмауға қарсы үшвалентті «Гриппол плюс» екпесінің партиясы сатып алынғанын атап өтті. Ал тұмауға қарсы вакциналау науқаны алдағы 15 қыркүйектен басталады.

Нұр ЖАМАЛ.

БАСТЫ ҚҰЖАТ

Мемлекет
тәуелсіздігінің
символы

• 1990 жылғы 25 қазанда «Қазақ КСР-інің Мемлекеттік егемендігі туралы» декларациясы заң жүзінде бекітілді. Декларацияға сәйкес еліміздің егемендігі үшін қажетті мемлекеттік құқықтық нормалар бекітіліп жатты. Олардың қатарында Қазақстан Республикасының Ата Заңы, яғни Конституциясы қабылданды.

Жалпы, мемлекеттің тәуелсіздігін, демократиялық құндылықтарын айқындайтын негізгі құжат – Конституция болып табылады. Ол негізінен, мемлекеттің барлық құрылымдарының, жеке азаматтардың, ұлттар пен ұлыстардың, әлеуметтік топтардың мақсаттары мен міндеттерін, құқықтарын айқындап береді. Кез келген мемлекеттің қуатты болуы сол елдің басқару жүйесі негізделген заңдарына байланысты. Еліміз тәуелсіз республика болғанға дейінгі ғасырлар бедерінде Ұлы Даламызда мемлекеттік құрылымдар мен мемлекеттер қалыптасып, өмір сүрді. Сол мемлекеттердің әрқайсысының өз кезеңіне негізделген, далалық әдет-ғұрыптарға үйлестірілген заңдары болған.

Оған Шыңғысханның «Жасағы» (Яса), Қасым ханның «Қасқа жолы», Есім ханның «Ескі жолы», Тәуке ханның «Жеті жарғысын» жатқызуға болады. Ал бүгінгі құрылымдағы конституциялық мемлекеттердің қайнар көзі – XVIII ғасырдағы Еуропа (Адам және азамат құқықтарының декларациясы) мен АҚШ (АҚШ Конституциясы) құжаттары болғаны белгілі.

Елімізде конституциялық заң шығару өткен ғасырдың басында басталып, Алаш зиялыларының Алаш партиясының бағдарламасын конституциялық міндеттемелер негізінде жасауға тырысуынан бастау алды. Елімізде тұңғыш Конституция 1926 жылы 18 ақпанда Қазақ АКСР тұсында қабылданғанымен, ол толыққанды тәуелсіздік жағдайында болмаған еді. Ал толыққанды тәуелсіздігімізді айқындаған Қазақстанның Ата Заңы әлемдегі ең жас Конституциялардың бірі болып саналады. Қазақтан Республикасының Конституциясы – мемлекетіміздің іргесін нығайтудағы қарышты қадамдардың қалыптасуы мен жаңа жүйенің орнығуына, саясат сахнасында Қазақстан Республикасының қанат жаюы жолындағы бірден-бір бастаушы заңы, серпінді сенімі болған тарихи құжат.

Зерттеушілердің пікіріне сүйенсек, Қазақстан Республикасының Конституциясы әлемдегі жалпыадамзаттық құндылықтарды дәріптейтін ең үздік 50 конституциялардың қатарынан орын алады.

Еліміз үшін 1993 жылы алғаш қабылданған Конституцияның мәні мен маңызына келер болсақ, негізгі құжат Президенттің көрсеткен мақсаты бойынша төрт мәселеге жауап беруі тиіс болды. Атап айтқанда: біріншіден, мемлекеттік билікті басқарудың барлық жүйесін нығайту, екіншіден, экономикалық реформаны жүргізе отырып, елді сол кездегі терең дағдарыстан шығару, үшіншіден, жас мемлекеттің сыртқы саясатын қалыптастыру, төртіншіден, ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету.

Десек те, алғашқы Конституция негізі әлі де ұзақ жетілдіру мен толықтыруды қажет етті. Екі жылдық ұзақ сараптаудан соң 1995 жылдың 30 тамызында бүкілхалықтық референдум өтіп, қазіргі Негізгі Ата Заң – Конституция қабылданды. Негізінен, 1995 жылы 30 маусым мен 30 шілде аралығында жаңа конституция жобасы халықтық талқылаудан өтті. Талқылауға 58 республикалық ұйымдар, қоғамдық бірлестіктер мен қозғалыстар қатысты. Олардан түскен ұсыныстар мен ескертулер назарға алына

Конституция біздің Тәуелсіздігіміздің берік құқықтық негізін қалыптастырды. Мемлекеттің басты байлығы ретінде адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандығы танылды. Бұл құжатта елдің аумақтық тұтастығының, қоғамдық келісімнің, саяси тұрақтылықтың, заң үстемдігі мен демократияның қағидалары бекітілді. Жаңа қазақ мемлекеттілігін қалыптастырудың құқықтық, саяси және әлеуметтік-экономикалық алғышарттары айқындалды.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

АТА ЗАҢ ТҰҒЫРЫ
ҚАШАН ДА БИІК

XX ғасырдың 90-шы жылдары көптеген мемлекеттер үшін үлкен тарихи оқиғаларға толы болды. Алып Кеңестер Одағының ыдырауы жаңа тәуелсіз мемлекеттердің шаңырақ көтеруіне жол ашты. Олардың арасында Қазақстан Республикасы да бар еді.



(Фотодереккөз.egemen.kz)

отырып, Жаңа Конституция жобасының негізіне адам және азаматтардың еркіндіктері мен құқықтарының үстемдігі назарға алынды. Елде мықты президенттік мемлекеттің негізі қаланды. Осылайша жас Конституцияда жаңа мемлекеттіліктің негізі қаланып, қоғамдық дамуды бағыттауға және реттеуге қабілетті тұтас мемлекеттік билік қалыптастырылды.

Жаңа Конституция негізінде құқықтық мемлекетке бастау болған демократиялық дамуды бекіткен конституциялық заңдар қабылданды. Мемлекеттік-құқықтық жүйені түбегейлі өзгерткен реформалар жүргізіліп, қазіргі мемлекетті басқару жүйеі құрылды. Мемлекеттік құрылым еңбек ету құрылымына бағынды. Конституция мемлекетіміздің тарихи дамуының негізгі ретінде ғана танылып қоймай, ол барлық заңдардың бастауы болды.

Алайда, жас Ата Заңымыз – ел Конституциясын қабылдау шешімі оңай болмады. Сарапшылар тобы көптеген әлем елдерінің Конституцияларын мұқият сараптаудан өткізе отырып, олардың маңызды тұстарына мән берді. Еліміздің беделді заңгер ғалымдарымен қатар Францияның Конституциялық кеңесінің өкілдері, осы елдің Мемлекеттік Кеңесінің мүшелері, Ресей зерттеу орталығының ең беделді заңгерлері қатысқан жобалық жұмыс өз жемісін беріп, бүгінгі Ата Заңымыздың негізін қалады. Конституциямыздың жобасын талқылауға ел халқы да жұмылдырылды.

Кез келген елде қоғамның дамуы мен экономикалық, саяси-әлеуметтік жағдайлардың өзгерістерге түсуіне орай Конституция жетілдіріліп отыратындығы белгілі. Бұл тұрғыдан алғанда ол ұлттық ерекшеліктермен қатар, шетелдік жетекші тәжірибелерге де сүйенеді. Соған орай елімізде де бірнеше мәрте Конституциямызға өзгертулер мен түзетулер енгізіліп келеді. Мысалы, 1998 жылдың қазанында Конституцияға енгізілген түзетулер еліміздегі саяси партиялардың рөлін күшейте түсуге

бағытталса, ал 2007 жылы Конституциямызға саяси реформаларды дамытуға, халық билігін кеңейтуге арналған ұсыныстар жасалып, Президенттің өкілеттілігі 7 жылдан 5 жылға қысқартылып, Парламенттің өкілеттігі біршама кеңейтілген болатын. Ал 2017 жылғы конституциялық реформа еліміздің қазіргі заманға сай құқықтық жағынан жаңғыруының кезекті кезеңі болды.

Бұл өзгерулерде негізінен басқару жүйесінің тиімділігін арттыруға және саяси жүйені демократияландыруға негізделді. Мемлекет басшысының кейбір билік өкілеттіктерін Парламент пен Үкімет арасында қайта бөлу жүзеге асырылды. Мәселен, Парламенттің Үкімет қызметіне бақылау өкілеттігі ауқымды түрде күшейтілді.

Саяси жүйенің әділетті экономикалық моделі

Негізінен Конституцияға жасалатын өзгерістер елімізді демократияландырудың ең басты аспектісі бола отырып, әлемдік даму мен жаһандану жағдайындағы халықаралық стандарттарға сәйкес негізделіп келеді.

Мәселен, еліміздегі 2022 жылғы конституциялық реформа қоғам мен мемлекетті одан әрі жаңғыртудың құқықтық негіздерін қалыптастырды. Реформаның басты мақсаты – еліміздің сайлау жүйесін жетілдіру, сайлау процесін жаңғырту, партиялық жүйесін дамыту болды. Конституциялық өзгерістерге сәйкес Президент сайлауы, Сенат, Мәжіліс және Мәслихат сайлауы өтті. Президент партияның мүшелігіне өтпейтін болды, ал облыс әкімдері партия бөлімшелеріне жетекшілік жасамайтын болды.

Бұған Парламент Мәжілісінің VIII шақырылымы нақты мысал бола алады. Қазір Парламент Мәжілісінің құрамында 6 партия өкілі, 29 бірмандатты депутаттар

отыр. Сондай-ақ, әйелдер және ерекше қажеттілігі бар жандар жалпы депутаттар санының 30 пайызын құрайды. Бұл тұстағы басты мақсат – халық тарапынан айтылатын өтініштер мен талап-тілектерге назар аудару арқылы олармен кері байланыс орнатуды іске асыру болып отыр. Мұның нәтижесінде сайлаушылармен, халықпен кері байланыс едәуір күшейді. Сонымен бірге, елде орын алып отырған саяси, әлеуметтік және экономикалық мәселелердің барлығы тікелей назарға алынуда. Мемлекет басшысы VIII шақырылымның бірінші жалпы отырысында Amanat партиясына үлкен міндет жүктеді. Сондықтан конституциялық реформаның жүзеге асырылуы мен жүргізілуіне Amanat партиясы белсенді рөл атқаруда.

Конституциялық реформаның тағы бір нәтижесі – заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы заң. Конституциялық сот заңның Конституцияға сәйкестігін қарады, содан кейін Президент қол қойып, заң іске асырылып отыр. Заң арқылы мемлекет елдің тұрақты экономикалық және әлеуметтік дамуы үшін Қазақстан халқының бұзылған құқықтарын қалпына келтіру жүйесін айқындайды.

Конституцияның 6-бабына «Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі және басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі» деген өзгеріс енгізілді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен табиғи ресурстардан түсіп жатқан пайданы жинақтап отырған Ұлттық қордың инвестициялық кірісінің 50 пайызын 2024 жылдан бастап балаларға төлеу шешімі қабылданды.

Сонымен бірге, Жаңа Конституция құрылымында Президент тек қана бір мерзімге, 7 жылға сайланады. Билікке саяси жағынан монополия жасаудың алғышарттары алынып тасталды. Конституциядағы ерекше нақтыланған жәйт – Парламентті, аймақтардағы мәслихаттарды сайлауда үлкен либерализация жасалды. Елде партиялық тізіммен бірге халықтың өзі тікелей сайлайтын депутаттар Мәжілісте де, мәслихаттарда да болады.

Ал Конституциялық сот институтының пайда болуы соттардың ісіне өзге институттардың араласуына шек қойды. Сонымен бірге, Президенттің құзыреті азайып, Парламент, оның ішінде, Мәжілістің құзыры артты. Ата Заңымызға жасалған бұл реформа халық пен биліктің арасындағы бұрынғы арақашықтықты жақындатып, билікке, Парламентке, мәслихаттарға халықтың нақты өкілдерінің келуіне, сонымен бірге еліміздегі саяси жүйенің әділетті экономикалық моделін жасауға негіз қалап берді.

Ата Заңымыздың I бөлімінің I-бабында: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары», – деп атап көрсетілгені белгілі. Соған орай еліміздің әр бір азаматы өзінің Ата Заңы мен ондағы негізгі қағидаларды білу арқылы бүгінгі бәсекеге қабілетті қоғамда өзін қорғауға, құқықтарымыз бен міндеттерімізді орындауға негіз қалай алары сөзсіз.

Сондықтан да ел Тәуелсіздігінің тірегіне айналған Конституцияны – Ата Заңымызды құрметтеу – Қазақстанның әрбір азаматының міндеті мен парызы болуы тиіс.

Гүлжазира
ӘБІКЕНОВА,
тарих
ғылымының
кандидаты,
қауымдасты-
рылған
профессор.





Суреттерді түсірген Саиат Құсайынов.

ҰЛТТЫҚ БОЛМЫС ҰЛЫҚТАЛАР КҮН ЖАҚЫН...

V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының басталуына 11 күн қалды. Биылғы ойындарға Алматыдан екі спортшы қатысады.



Айнабай
МӘДИ

Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде белгілі болды.

Спикерлердің айтуынша, Алматыдан екі спортшы ел намысын «қазақ күресі» бойынша қорғайды. Бұл жігіттерге үлкен үміт артылып отыр. Әсіресе, халықаралық дәрежедегі спорт шебері Ерасыл Жанатаевқа артылар сенім мол.

Осы күні Астанада оқу-жаттығу жиындарының үшінші кезеңі өтуде. Спортшыларды іріктеу Қазақстан чемпионаты мен кубоктарының жүлдегерлері арасында жүргізілді. Дайындық барысында 52 халықаралық және республикалық оқу-жаттығу жиыны мен 40 жарыс (23 халықаралық және 17 республикалық) өткізілді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Нұрлан ОСПАНОВ,
Ұлттық және ат спорты клубының жетекшісі:

ҚР Туризм және спорт министрлігінің жанынан V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына арналған дирекция құрылды. Дирекция толығымен ұйымдастыру мәселесімен айналысады.

Әр өңірден ойындарға қатысатын «елші» мен бір «батыр» спортшы тағайындалады. Олардың міндеті – ойындардың маңызы мен ерекшелігін насихаттау, сондай-ақ кездесу мен «дөңгелек үстел» үрдісіндегі басқосуларды ұйымдастыру. Біздің міндетіміз – Алматыда көшпенділер ойындарын ілгерілету әрі іс-шара барысында Астанадағы ойындарға қатысу. Бұл туристерге Алматы қаласын, оның тарихын, спорты мен ұлттық қолөнерді таныстыру үшін жасалады.

Айталап ҚҰРҒАМБАЕВ,
еңбек сіңірген спорт қайраткері,
Алматы қаласы бойынша үйлестіруші:

**ЖЕР-ЖАҒАНҒА ӨЗІМІЗДІ ТАНЫТУҒА
ЗОР МҮМКІНДІК**

Халықаралық спорттық шараға әлемнің 89 елінен қатысушы келеді деп күтілуде. Бұл – жер-жағанға еліміздің ұлттық тарихын, мәдениеті мен спортын көрсетуге үлкен мүмкіндік. Егер біз осы мүмкіндікті пайдалана алсақ, туристік бағыттағы жұмысымызды жандандырамыз. «Қазанат»



ипподромында 10 гектар алаңда этноауыл мәдени бағдарламасы ұйымдастырылады. Еліміздің әрбір өңірі үш киіз үй тігіп, өздерінің тарихын, мәдениеті мен қолөнерін көрсетеді.

Бағдат МҮПТЕКЕҚЫЗЫ,
Республикалық «Құсбегілік»
федерациясының вице-президенті, «Қыран»
федерациясының атқарушы директоры:



**ҚАЗАҚ РУХЫ МЕН ТӨЗІМДІЛІГІНІҢ
СИМВОЛЫ**

Алдағы іс-шара көшпенділер ойындарының әлемдегі деңгейін ғана емес, Қазақстанның мәдени және спорттық құндылықтарын да көрсетеді. Біздің ұлттық спорт түріміз – «құсбегілік» алдыңғы төрт ойынның бағдарламасына кірмеген еді. Бірақ биылғы бағдарға құсбегілік енгізіліп отырғанына өте қуаныштымыз. Бүркіт – қазақ рухы мен төзімділігінің символы. Бұл символ мемлекеттік туымызда бейнеленген.

V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары – елдер арасындағы мәдени және спорттық байланыстарды нығайтатын, сондай-ақ ұлттық мұраны насихаттауға ықпал ететін маңызды іс-шара. Әлем ынтық боп отырған ұлттық спорттық шараға Азияны айтпағанда, Америка, Африка құрылықтарынан қызығушылық танытып қана қоймай, «жарыс көрігін қыздырам» деушілердің бары бәркімізді аспанға атқандай қуанышқа кенелтеді. Ләйім, қазағымыздың мерейі өсіп, мәртебесі артсын. Жеңісті күндерде жолыққанша!

(Фотодепкеккөз: ortcom.kz).

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ЖАСТАР ШЫҢҒЫНА АЛЬПИНИИДА

2024 жылдың 31 тамызында биіктігі 4147 м Шығыс жотасы бойынша Жастар шыңына Альпинида өтеді. Жастар шыңы Кіші Алматы және Күмбел су шатқалдары арасында орналасуымен таң қалдырады. Оның солтүстік беткейінің етегінде XIX ғасырдың аяғынан бастап Тұйықсу мұздығын зерттеуге арналған «Тұйықсу мұздығы» гляциологиялық станциясы орналасқан. Таудың батыс жағында Күмбел су өзеніндегі су деңгейін бақылайтын гидрологтар үйі орналасқан, бұл жерді одан да ерекше етеді.

16 күрделілік санатындағы жаппай өрмелеу жолын Алматы қаласы Альпинизм федерациясының, Алматы қаласы Альпинизм мектебінің және спорттық туристер Достастығының альпинистері Turclub.kz Алматы қаласы туризм басқармасының қолдауымен дайындайды.

Альпинидада қатысушыларына биіктігі шамамен 2000 м болатын 9 км-ді еңсеру ке-



рек. Алматы қаласы Альпинизм Федерациясы қатысушыларға Тұйықсу мұздығындағы базалық лагерьде (3500 м) түнеу ұсынады.
Альпинидада бағдарламасы:
05.00 – Медеу (1600 м) – Шымбұлақ

(2380 м) – Тұйықсу шатқалы (2400 м) – Мыңжылқы (3100 м) – Тұйықсу мұздығы (3500 м) – Жастар шыңы (4147 м) бағыты бойынша қатысушылардың басталуы.
07.00 – Тұйықсу мұздығының соңғы мо-

ренасынан кара жолдың соңынан (3400 м) альпинидада қатысушыларды тіркеу, бастау.

14.00 – көтерілу үшін шыңның жабылуы. Альпинидада қатысуға 16 жас және 16 жастан асқан барлық ниет білдірушілер шақырылады. 14 жастан 16 жасқа дейінгі қатысушылар ата-аналарының біреуінің сүйемелдеуімен ғана қатысуға жіберіледі.

Медеу-Шымбұлақ гондолалық жолының құны барлық қатысушылар үшін Альпинида күні 31 тамызда, сағат 05.00-ден 21.00-ге дейін 1000 теңгені құрайды.

Көтерілуге бара жатқанда, таулардағы ауа райы бір сағат ішінде бірнеше рет өзгеруі мүмкін деп болжау керек. Мысалы, жаздың шуақты күнінде ауа райы төменнен көтеріліп, айналаны қармен жауып тастауы мүмкін.

Маршруттың жартасты учаскесінен өту үшін дулыға және екі карабині бар өзін-өзі сақтандыру жүйесі бар қатысушыларға рұқсат етіледі. Сақтандыру жабдығы жоқ қатысушылар оларға арқан қоршауларының басында қамтамасыз етіледі.

Альпинидада қатысушылардың қауіпсіздігін Алматы қаласы әкімдігінің, Алматы қаласы Альпинизм федерациясының құтқару қызметінің күштері қамтамасыз етеді. Альпинидадағы әрбір қатысушысы өз денсаулығының жай-күйіне, бүкіл маршрут бойы өз іс-әрекеттерінің барабарлығына дербес жауапты болады, бұл ол қол қойған белгіленген үлгідегі қолхатта көрсетіледі.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ»

АШЫҚ ЕСІК КҮНІ

АЛМАТЫ –
АДАЛДЫҚ АЛАҢЫ

«Парасатты ұрпақ үшін» ҚҚ
«Алматы – адалдық алаңы»
жобасымен бірлесе
Конституция күніне орай
«Әлеуметтік шынайылықты
қамтамасыз етудегі
Конституцияның рөлі» атты
Ашық есік күнін өткізді.

Досбол
АТАЖАН

Ашық есік күнінде қала тұрғындарына Азаматтық Альянс заңгерлері мен сарапшылары тегін құқықтық кеңес берді. Кеңес беру ҚР Конституциясының негіздері мен соңғы екі жылда жүргізілген Конституциялық реформаларының мән-мағынасын түсіндіру шеңберінде өтті.

– «Алматы – адалдық алаңы» жобасы қалалық Қоғамдық даму басқармасының мемлекеттік тапсырысы негізінде осы жылдың шілде айынан бастап жүзеге асырылып келеді. Конституция күніне орай Ашық есік күнін өткізіп жатырмыз. Біздің басты мақсат – әлеуметтік осал топтағы және өмірлік қиын жағдайға тап болған тұрғындарға құқықтық кеңес беру. Жалпы, қаламыздың 8 ауданында да заңгерлеріміз бар. Алдыңғы айдан бастап 30-дан астам адамды қабылдап, құқықтық көмек бердік, – деді «Алматы – адалдық алаңы» жобалық кеңсесінің басшысы Марат Қалимов.

Сонымен қатар, жоба басшысы қала зейнеткеріне нақты көмек көрсетілген оқиғаны айтып берді.

– Бізге зейнеткер хабарласты. Бұрын үйді сату-сатып алу шарты бойынша салықты бір кездері төлей алмай қалып, пеня қосылған. Қанша жылдан бері төлеп келе жатса да, пеня жүре берген. Осы мәселені Мемлекеттік кірістер департаментіне барып шештік, – деді ол.

ЖӘРМЕҢКЕ

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің бастамасымен, Медеу ауданы әкімі аппаратының ұйытқы болуымен ұйымдастырылған мемлекеттік қызмет көрсету жәрмеңкесіне келген қала тұрғындарына бір алаңда мемлекеттік қызметтер жайлы мол мәлімет алуға мүмкіндік туды.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

МЕМЛЕКЕТТІК
ҚЫЗМЕТ

ашық та сапалы болуы тиіс

Айнабай
МӘДИ

Мамандардың кеңесіне мыңнан астам алматылықтар құлақ түрді. «Аудан тұрғындарын жылжымайтын мүлікті заңдастыру, оны ресімдеу, сондай-ақ әлеуметтік қызмет көрсету, коммуналдық қызмет көрсету мәселелері көбірек қызықтырғандай. Коммуналдық қызметке орай, «Алматы Су» МКК өкілдерін шақырдық. Бізге аудан тұрғындарының уақытылы ақпарат пен сапалы мемлекеттік қызмет алуы маңызды», – деп мәлімдеді Медеу ауданы әкімінің орынбасары Айдос Нұрлыбаев.

Бас қосар орын бекерге тандалмағаны

байқалады. Шаһарға мәлім «Көк базар» – алматылықтар жиі баратын орын. Ал ұйымдастырушыларға барынша көп адамды ақпараттандыру маңызды. Жәрмеңкеге 30-дан астам мемлекеттік орган қатысты. Мұнда ХҚК-тің, аудандық әлеуметтік қамтамасыз ету бөлімінің, іскерлік орталығының өкілдерін де көрдік.

Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің қалалық департаменті мемлекеттік қызмет көрсету басқармасының басшысы Мақсат Жанбыршиев халықпен кездесу «естітін мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру аясында өткізілетінін атап өтті: «Біздің міндет – мемлекеттік органдардың ашық болуын қамтамасыз ету, сондай-ақ барлық мемлекеттік қызметті

қолжетімділік аясында көрсетуге ықпал етеді. Мемлекеттік қызмет көрсету жәрмеңкесі халықты сан алуан мемлекеттік қызмет түрінен хабардар етеді. Мамандар алаяқтардың аз еместігін еске салып, тұрғындардан ЭЦҚ-кілтің құпия сақтауын ескертуде», – дейді басқарма басшысы.

Айта кетерлігі, мына шара – биыл шаһарымызда алтыншы рет өтіп отырған мемлекеттік қызмет көрсету жәрмеңкесі. Ұйымдастырушылардың мәліметінше, жыл соңына дейін қала аудандарында осындай екі шара өткізу жоспарланып отыр. «Сауатты мамандардан толық кеңес алдым. Мұндай іс-шаралардың қала тұрғындарына пайдалы әсері мол, әрі уақыт үнемделеді», – дейді қала тұрғыны Салтанат Жанәлиева.

● КЕРЕК ДЕРЕК

Медеу ауданында
230 мыңға жуық адам тұрады,
оның ішінде 30 мыңға жуығы –
зейнеткер, үш мыңға
жуығы – мүгедектігі бар
адамдар, 2,5 мыңға жуығы –
көпбалалы аналар.

● БӘРЕКЕЛДІ!

ӨНЕР МЕКТЕПТЕРІ ЖАҢАРАТЫН БОЛДЫ

Еліміздегі ең айтулы өнер мектептері Алматы қаласында орналасқан. Бұл өнер шаңырағынан талай танымал таланттар қанаттанды. Олардың есімдері тек өз елімізде ғана емес, дүние жүзіне танылды. Сондай айтулы білім шаңырағы – Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған республикалық мамандандырылған музыка мектеп-интернаты.

Рая
ЕСКЕНДІР

● ЖОЛ ТӨСЕМІ

ҚОЛДАНУҒА ЖАРАМСЫЗ
ЖИЕКТАСТАР
АУЫСТЫРЫЛДЫ

Алматы әкімдігі Қалдаяқов көшесінде қандай жұмыстар жүргізіліп жатқанын айтты

Алматыда Қалдаяқов көшесінде Мақатаев көшесінен Қабанбай батыр көшесіне дейін жол төсеміне орташа жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Соңғы рет бұл учаскеде жөндеу жұмыстары 14 жыл бұрын – 2010 жылы жүргізілді.

Қалалық мобильділік басқармасында қазір дайындық жұмыстары, атап айтқанда, асфальтты қыру, қисық (қайта орнату) және ақауы бар жиектастарды ауыстыру, түзету жұмыстары жүргізіліп жатқанын атады. Жөнделіп жатқан аумақта барлығы 254 метр жиектас ауыстырылып, 885 метр жиектас тегістелді. Қалдаяқов көшесінде ақауы бар гранит жиектастар жаңасына ауыстырылып жатыр.

Ақаусыз, бірақ қисайған жиектастар тегістеліп, қайта орнатылады. Олар сол аумақтағы жолдың қажеттілігіне

Аталмыш мектептің қабырғасы 1968 жылы қаланған. Сәтін салса, қара шаңырақ заманауи оқу және тұрмыстық жағдайларды қамтамасыз ету үшін күрделі жөндеуден өтетін болды. Таланттардың құтханасы атанған – Ахмет Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған республикалық мамандандырылған қазақ музыкалық мектеп-интернаты 1964 жылы ашылған.

Биыл 60 жыл болған бұл ғимарат та заманауи білім беру және тиісті стандарттарына сәйкес жаңартылмақшы. Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған жобаның арқасында өскелең ұрпаққа қолайлы жағдай жасау, еліміздің мәдени мұрасы мен болашағын нығайту бағытында жұмыстың жалғасы екенін айтады.



сәйкес қайтадан орнату үшін алынып тасталады. Қайта қолдануға жарамсыз жиектастар ауыстырылады. Бұл әдетте көліктер мен коммуналдық техниканың әсерінен бұзылған жиектастар. Жалпы, орташа жол жөндеу жұмыстары аясында қала бойынша жаңа жиектастарды орнату жалпы санының шамамен 5%-ын құрайды.

Алматы көшелерінде екі түрлі жиектас қолданылады: ұзақ мерзімді табиғи граниттен жасалған және орташа қызмет ету мерзімі 4-5 жыл болатын цемент-күмнан жасалған жиектас. Цемент-күм жиектастары жол-көлік оқиғасы немесе қар күрейтін техникалардан тез тозады. Сондықтан кейбір магистральды көшелерде цемент-күм жиектастар гранитке ауыстырылады. Қолдануға жарамсыз гранит жиектастар да жаңасына ауыстырылады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

● МОБИЛЬДІЛІК БАСҚАРМАСЫ

Бірнеше магистральды
көше жөнделді

Алматыда қала көшелері мен жолдарды орташа жөндеу жұмыстары жалғасып келеді. Қазір 95 көше жөнделіп, тағы 100-ден астам көшеге жұмыстар жүргізілуде. Биыл 250 шақырым болатын 274 көше орташа жөндеуден өтті. Осылайша жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жолдың үлесін 92%-ға дейін жеткізу жоспарланған.

Мысалы, өткен демалыс күндері үш магистральды көшенің бір бөлігі мерзімінде жөнделіп, көлік қозғалысы толық ашылды.

Бұл Рысқұлов көшесімен қиылысатын жолайырықтан Халиуллин көшесімен қиылысатын жолайырыққа дейінгі Құлжа тас жолының бөлігі. Тағы бір көше – Райымбек даңғылынан Төле би көшесіне дейінгі Тұрғыт Өзал көшесінің бөлігі. Сондай-ақ, Жандосов көшесінің Ясауи көшесінен Саин көшесіне дейінгі учаскесіне жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Айта кету керек, 20 магистральды көшенің жөндеу жұмыстарында жол төсемінің беріктігін арттыруға бағытталған полимерасфальтбетон қолданылды. Жол таңбалары материалдарын өндіруші зауыттың талабына сәйкес, жөнделген учаскелерге жол таңбасы 15–20 күннен кейін сызылады.

Естеріңізге сала кетейік, қозғалысты шектеуге қатысты барлық ақпарат Almaty.kz сайтында, @AlmatyJoly Telegram арнасында, аудандық әкімдіктер мен басқармалардың әлеуметтік желілерінде, сондай-ақ 2GIS пен «Яндекс карталар» сервистерінде жазылған.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



СӘТТИ ОТА



Ана да, құрсағындағы бала да аман

Алматылық дәрігерлер жүктіліктің бесінші айындағы болашақ анаға сәтті ота жасады. Ал 36 жастағы алматылық келіншек үшін бұл көптен күткен жүктілік болатын.

